

отформатировано: Шрифт: 8 пт

Отформатированная таблица

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы «24»

шілдедегі

№ 460
қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың
2016 – 2019 жылдарға арналған
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ**

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама)

Әзірлеу үшін негіздеме «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы; Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет басшысының 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы; Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы; «100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспары.

Бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – БҒМ)
Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері
Бағдарламаның мақсаты	Экономиканың орнықты дамуы үшін білім берудің және ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту; мектепке дейінгі сапалы тәрбиелеу мен оқытуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ету; сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету және зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру; техникалық және кәсіптік білім алу үшін жағдайлар жасау арқылы жастарды әлеуметтік-экономикалық интеграциялау; экономика салаларын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар бәсекеге қабілетті кадрлармен қамтамасыз ету; ел экономикасының қарқынды әртараптануы және тұрақты дамуы үшін ғылымның нақты үлесін қамтамасыз ету
Бағдарламаның міндеттері	мектепке дейінгі ұйымдардың педагог кадрларының сапалық құрамын жақсарту және педагог кәсібінің беделін арттыру;

демографиялық жағдайды ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдардың желісін ұлғайту;
балаларды мектепке сапалы дайындауға бағдарланған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жаңарту;
мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту менеджментін және даму мониторингін жетілдіру;
педагогтер кәсібінің беделін және олардың сапалық құрамын арттыру;
орта білім берудің инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз ету;
орта білім берудің мазмұнын жаңарту;
мектеп оқушыларының бойында «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту шеңберінде рухани-адамгершілік құндылықтарды және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;
орта білім беру менеджментін және даму мониторингін жетілдіру;
өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар үшін арнайы әлеуметтік көрсетілген қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету;
техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТжКБ) жүйесінің беделін арттыру;
ТжКБ қолжетімділігін және кадрларды даярлау сапасын қамтамасыз ету;
елдің индустриялық-инновациялық даму сұраныстарын ескере отырып, ТжКБ мазмұнын жаңарту;
ТжКБ ұйымдарының білім алушыларының бойында «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін нығайту;
ТжКБ менеджментін және даму мониторингін жетілдіру;
бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету;
әлемдік үрдістер аясында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту;
жоғары оқу орындарының (бұдан әрі – ЖОО) білім алушыларының бойында «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін нығайту;
жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру менеджментін және даму мониторингін жетілдіру;
ғылымның ел экономикасын дамытуға қосатын үлесін

ұлғайту;
 ғалымның ғылыми әлеуетін және мәртебесін нығайту;
 ғылымның инфрақұрылымын жаңғырту;
 ғылым менеджментін және даму мониторингін жетілдіру

Иске асыру
 мерзімдері

2016 – 2019 жылдар

Нысаналы
 индикаторлар

мектепке дейінгі тәрбиесмен және оқытумен қамтылған 3-6 жастағы балалардың үлесі 2017 жылы – 87,5 %, 2019 жылы – 100 %;

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – НЗМ) тәжірибесі бойынша білім берудің жаңартылған мазмұнына өткен мектептердің үлесі 2017 жылы – 100 % (1, 2, 5, 7-сыныптар), 2019 жылы – 100 % (4, 9, 10-сыныптар), 2020 жылы – 100 % (мектепалды топтар мен сыныптар, 11-сынып);

қазақстандық оқушылардың халықаралық зерттеулердегі ЭБДҰ мойындаған нәтижелері 2017 жылы – PISA-2015: математика – 440 балл, жаратылыстану – 430 балл, оқу – 400 балл; 2019 жылы – PISA-2018: математика – 465 балл, жаратылыстану – 460 балл, оқу – 434 балл; ICILS-2018: 8-сынып оқушыларының компьютерлік және ақпараттық сауаттылығы – 350 балл;

балалардың жалпы санынан өмірлік қиын жағдайда жүрген балалардың үлесі 2019 жылы – 10 %;

жұмыспен қамтылған халықтың құрылымында техникалық және кәсіптік білімі бар 18 – 28 жастағы азаматтардың үлесі 2019 жылы – 41,4%;

жұмыспен қамтылған халықтың құрылымында жоғары білімі бар 22 – 28 жастағы азаматтардың үлесі 2019 жылы – 45,9 %;

QS-WUR рейтингінде белгіленген Қазақстан ЖОО-ларының саны:

	2017 жылы	2019 жылы
топ-200	0	2
топ-300	2	2
топ-500	2	3
топ-701+	7	9

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (бұдан әрі – ҒЗТКЖ) қаржыландырудың жалпы көлеміндегі тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге жұмсалатын шығындардың үлесі 2017 жылы – 21,2 %, 2019 жылы – 22,3 %;

қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы санынан коммерцияландырылатын жобалардың үлесі 2017 жылы – 17,5 %, 2019 жылы – 20 %.

Қаржыландыру көздері және көлемі Бағдарламаны іске асыру үшін 2016 – 2019 жылдары бюджет қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаражат жұмсалады. Бағдарламаны іске асыруға бюджеттен жұмсалатын жалпы шығындар 1 868,4 млрд. теңгені (РБ – 1 273,3 млрд. теңге, ЖБ – 595,1 млрд. теңге) құрайды.

2. Кіріспе

Әлем жаһандық сын-тегеуріндер кезеңінде өмір сүруде. Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT-технологиялардың қарқынды дамуы және адам ресурстарының ұтқырлығы.

Осы жағдайда білім және ғылым өзгерістердің алдыңғы қатарында тұруы тиіс. Әлемнің жетекші экономикалары жоғары деңгейдегі адам капиталы есебінен ғана өркендеуге қол жеткізуде. Оған жаңа білім беру стратегиялары мен саясаты ықпал етеді.

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың заманауи кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді.

Адамның бәсекеге қабілеттілігі ұлт жетістігінің факторы болып табылады. Сондықтан әрбір қазақстандық жаңа жаһандық сын-тегеуріндерге, заманауи технологияларға, еңбек нарығының өзгермелі талаптарына және жаңа кәсіптерге табысты бейімделу үшін қажетті құзыреттілікке ие болуы қажет.

Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында проблемаларды шешу дағдылары, сыни ойлау, креативтілік, эмоционалдық интеллект басты қасиеттер болады. Сондықтан білім беру жүйесі белсенді, шығармашыл, сыни, талдамалық тұрғыда ойлай алатын, бұрынғы белгісіз проблемаларды шешуге, өзгерістерге тез бейімделуге, жаңаны құруға қабілетті креативті адамдарды дайындауға шоғырлануы тиіс. Сондай-ақ функционалдық, IT сауаттылық, ағылшын тілін білу, адамгершілігі мол азаматтық кемелдену де маңызды.

Білім беру жүйесінің жаһандық ортаға интеграциялануын есепке ала отырып, ұлттық кодты сақтаумен қоса, еліміздің мәдениетін ескеруіміз қажет.

Сондықтан патриоттық тәрбиенің ерекшелігі білім алушыларда белсенді азаматтық ұстаным мен өзінің үлкен және кіші отанының тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне деген құрмет сезімін қалыптастыру болмақ.

Бақытты және қорғалған балалық шақты қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының негізгі ұлттық басымдықтарының біріне айналды.

Қазақстан Республикасының заңнамасында барлық санаттағы балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету бойынша шаралар көзделген.

2011 жылы қабылданған «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы алдыңғы қатарлы ғылыми жетістіктер үшін жаңа мүмкіндіктер ашты.

Қазақстандық ғылымды экономика мен бизнестің мүддесі үшін дамыту «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген.

2015 жылы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Заңнамада мектептегі білімнің жаңартылған мазмұнына кезең-кезеңімен көшу, дуальді оқыту, колледждерде алғашқы жұмысшы кәсібін тегін алу, колледждер мен ЖОО-ларды мемлекеттік аттестаттаудан тәуелсіз аккредиттеуге өту регламенттелген.

Жастардың ерекше мәртебесі және оларды мемлекеттік қолдау жаңа «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген.

Сол арқылы жаңа білім беру стратегиялары мен ғылыми жетістіктерді іске асыру үшін негіз жасалды.

Бағдарлама әлемдік жетекші трендтерді ескере отырып, «100 нақты кадам» Ұлт жоспары негізінде әзірленді.

Бағдарлама педагогикалық және ғылыми қоғамдарда кеңінен талқылаудан өтті. Жұмыс берушілердің, бизнес-қауымдастықтардың және халықаралық сарапшылардың ұсыныстары ескерілді.

Бағдарламада белгіленген мақсаттар мен міндеттер осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес іске асырылады.

3. Ағымдағы жағдайды талдау

Дүниежүзілік экономикалық форумның (бұдан әрі – ДЭФ) 2016 – 2017 жылғы Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіне Қазақстан әлемнің 137 елінің арасында 57-орынды иеленді. Білім және ғылым саласындағы 12 индикатордан бастауыш біліммен қамту, орта біліммен қамту, бастауыш білімнің сапасы, математика және жаратылыстану-ғылыми білім берудің сапасы, мектептердің менеджмент сапасы бойынша 5 индикаторға қол жеткізілді.

ЮНЕСКО елдің мыңжылдықтың даму мақсаттарына қол жеткізудегі прогресін атап өтеді. Қазақстан білім беруді дамыту индексі бойынша көшбасшы елдердің ондығына кіреді.

Білім – Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасының (бұдан әрі – БҰҰДБ) адами даму рейтингінің негізгі үш индексінің бірі. Қазақстан

2016 жылы даму деңгейі жоғары елдердің тобына кіріп, әлемнің 188 елінің арасында 56-орынды иеленді.

ЮНЕСКО 1-ден 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтудағы Қазақстанның елеулі прогресін «2000 – 2015 жылдар. Баршаға арналған білім: жетістіктер мен сын-тегеуріндер» баяндамасында атап өтті.

Қазақстандық оқушылар халықаралық зияткерлік олимпиадалар мен ғылыми жарыстарда өздерімен қатар шетелдік құрдастарына мықты бәсекелес бола алды. 2017 жылдың өзінде елдің ұлттық қоржынында 125 алтын, 197 күміс және 327 қола медаль болды.

Балаларға қатысты мемлекеттік саясат балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Отбасы құндылықтарын, жауапты ата-ана басымдығын, қорғалған балалық шақты, балаға қатысты зорлық-зомбылық пен жазаның барлық нысандарына төзбеушілікті насихаттайтын Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары жүзеге асырылады.

Баланың құқықтары туралы конвенцияның ережелерімен танысу арқылы балалар мен олардың ата-аналарының құқықтық мәдениеті, хабардар болу және ақпарат алу деңгейі өсуде.

2015 жылы еліміздегі колледж студенттері алғаш рет Бразилияда өткен WorldSkills Competition халықаралық чемпионатына қатысты. Жалпы, командалық есепте Қазақстан әлемнің 55 елінің арасынан 50-орынды иеленді.

Еліміздегі жоғары мектептің білім беру қызметінің халықаралық стандарттарға сәйкестігі танылды. Сегіз университет QS-2016 рейтингінде атап өтілді.

Қазақстан 2016 жылы Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес және Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияларды ратификациялады. Конвенциялардың барлық ережелері елдің заңнамасында, оның ішінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген. Толық теңдік негізінде әрбір білім алушының қабілеті мен ынтасына қарай барлығына сапалы білім алудың қолжетімділігі қазақстандық білім берудің барлық деңгейлерінде іске асырылады.

Бұл білім мен ғылымның барлық бастамаларын мемлекеттік деңгейде, жеке сектордың және елдегі азаматтық қоғамдастықтың мақсатты қолдауының арқасында мүмкін болды.

Сонымен қатар күрделі және серпінді дамып жатқан әлемнің жаңа сын-тегеуріндерінің аясында жоғары сапалы білім беру мен ғылымды қамтамасыз етуді тежейтін факторлар бар.

2011 – 2015 жылдар кезеңіндегі басым бағыттар заңнамалық базаны дайындау, білім мен ғылымды инфрақұрылымдық дамыту және оның ресурстық әлеуетін өсіру болды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

Баланың дамуындағы осы кезеңнің маңыздылығы білім беру қызметіне одан әрі табысты дайындықтың негізі ретінде жылдан-жылға артып келеді.

Әлемдегі 40 елдің білім беру жүйесінде мектепке дейінгі білім беру деңгейі міндетті болып табылады.

2014 жылы БҰҰДБ Адами даму индексінің «Білім беру» субъективті факторын «Жалпы мектепке дейінгі біліммен қамту» коэффициентімен толықтырды, бұл мектепке дейінгі білім берудің саяси маңыздылығын куәландырады.

ЮНЕСКО елдерге мемлекеттік-жекешелік әріптестікті (бұдан әрі – МЖӘ) дамытуды ұсынады, бұл ретте мемлекеттік қаржыландыру халық аз қоныстанған және шалғайдағы елді мекендерге жұмсалуды қажет.

Қазақстанда соңғы бес жыл ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың дамуы білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттарының біріне айналды.

2010 – 2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын табысты іске асыру мектепке дейінгі ұйымдар санының өсуіне ықпал етті. Желінің өсуі «Балапан» бағдарламасын Бағдарламаға кіріктіргеннен кейін де жалғасты. Айталық, 2015 жылдан бастап мектепке дейінгі ұйымдар желісі 994 бірлікке көбейді. 2017 жылы 9828 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді (2015 жылы – 8834, 2016 жылы – 9410 бірлік).

Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың желісін кеңейту бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Үш жылдың ішінде олардың саны 1283 бірлікке артты және 3058 бірлікті құрады (2015 жылы – 1775, 2016 жылы – 2336, 2017 жылы – 3058 бірлік). Бұған заңнаманы жетілдіру және мемлекеттік тапсырысты орналастыру елеулі деңгейде ықпал етті.

2017 жылы мемлекеттік тапсырыстың жалпы санынан (494,3 мың орын) 43,8 % (216,8 мың орын) 2524 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымға орналастырылды (2015 жылы – 1043, 2016 жылы – 1 341, 2017 жылы – 2524).

3 жастан бастап 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту 78,6 %-дан 90,5 %-ға өсті (2015 жылы – 81,6 %, 2016 жылы – 85,8 %, 2017 жылы – 90,5 %).

Мектепке дейінгі ұйымдар желісінің дамуы педагог кадрлар санының өсуіне ықпал етті. 2015 жылмен салыстырғанда педагогтердің саны 9,8 мыңға артты және 2017 жылы 90,6 мың адамды құрады (2015 жылы – 80,8 мың адам, 2016 жылы – 84,7 мың адам, 2017 жылы – 90,6 мың адам).

Мектепке дейінгі білім берудің мазмұндық аспектілерін дамытуға айтарлықтай көңіл бөлінді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – МЖС) жаңартылды.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы әзірленді. Баланы шығармашылық және танымдық дамытуға бағдарланған бағдарламалар еліміздегі 77 балабақша мен 30 пилоттық мектептің базасында сынақтан өткізілді. Осылайша, еліміздегі мектепке дейінгі білім беруді дамытуда алға қарай елеулі қадам жасалды. Сонымен қатар ерекше назар аударуды және тиісті шаралар қабылдауды талап ететін салалар мен міндеттер бар.

Проблемалар:

1) Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қазіргі желісі және оның инфрақұрылымдық жаңару қарқыны бала туудың өсуіне және урбандалу процесіне ілесіп алмай келеді (өсу нүктелерінде, ірі қалаларда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының желісі қажеттіліктерді қамтымайды).

2) Балаларды қамтудың сандық көрсеткіші өте жоғары болған кезде мектепке дейінгі ұйымдар көрсететін қызметтердің сапасы әлі күнге дейін жеткіліксіз деңгейде қалып отыр. Бұл негізінен тәрбиеші кәсібінің әлеуметтік мәртебесі беделінің төмен болуының салдары;

3) тәрбиешінің ай сайынғы жалақысы (ең төменгісі – 41,4 мың теңге, ең жоғарғысы – 76,4 мың теңге) еліміздегі орташа жалақыдан әлдеқайда төмен. ЭБДҰ елдерімен салыстырғанда мектепке дейінгі ұйымдардағы топтардың толымдылығы салыстыруға келмейді. Қазақстанда орта есеппен бір педагогке 30-35 баладан, ЭБДҰ елдерінде 14 баладан келеді.

Аталған проблемалардың өзектілігі әлемдік трендтерді ескере отырып, сәби жастағы барлық балалар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуде үдемелі іс-қимылдың қажеттілігін негіздейді.

Жалпы орта білім және балалардың құқықтарын қорғау

Қазақстанда мектептегі білім беру жаңа кезеңнің деңгейінде тұр. ДЭФ XXI ғасырдағы табысты адамның білімі мен іскерлігінің 16 түрін атап көрсетті. Бұл – командадағы жұмыс дағдылары, көшбасшылық қасиет, бастамашылық, IT-біліктілік, қаржылық және азаматтық сауаттылық және басқалар. Қазақстан ДЭФ-тің «XXI ғасыр дағдыларындағы ауытқуларды зерттеу» рейтингінде мектеп оқушыларының танымдық және эмоциялық зиятының деңгейі төмен елдер тобында тұр. Құзыреттілік және жеке мінездемелер деңгейі базалық дағдылардан едәуір төмен.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі саласы жаңа тәсілдер аясында кеңейеде. Ол – пәнаралық және жобалық қызмет, оқыту мен басқаруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) пайдалану, білім беру қажеттіліктері ерекше оқушыларды интеграциялау және ата-аналарды консультациялық сүйемелдеу.

ЭБДҰ және оның әріптестерінің 36-сының 27-сінде педагогикалық мамандыққа іріктеудің селективті өлшемшарттары қолданылады. Педагог кадрларды даярлау бағдарламаларына қабылдау талапкерлердің қабілеттерін және ынталарын бағалау үшін міндетті түрде әңгімелесуді, тестілеуді көздейді.

ЭЫДҰ-ның 32 елінде педагогикалық практика міндетті болып табылады. Практиканың ұзақтығы 70 күннен 120 күнді құрайды. ЖОО оқытушылары студенттердің педагогикалық практикасына қатысады. Мектеп менеджменті жас мұғалімдерге қолдау көрсетуге жауапты. ЭЫДҰ-ның 17 елінде негізгі және жоғары мектепте жұмыс істеу үшін магистр дәрежесі талап етіледі.

Мұғалім мансабының бастапқы кезеңі кәсіпке жіберу үшін талаптарды арттыруды көздейді. ЭЫДҰ-ның 18 елінде лауазымға міндетті енгізу жүргізіледі, 14 елінде мұғалімдердің тағылымдамасы қолданылады. Әлемдік практикада мұғалімнің қоғам дамуына қосатын үлесі негізгі болып саналады. Оқытушылық мансап ретінде қаралады. Педагог кадрлардың жұмыстан кетуі 5%-дан кем.

Мұғалім кәсібінің мәртебесі мен беделінің жаһандық индексі өсуде. Аустрияда үздік мұғалімдер үшін «Білім берудегі Оскар» бағдарламасы кең таралуда. Германияның Бранденбург жерінде жас мұғалімдердің жұмысқа қабылдануы және тәжірибелі педагогтердің зейнетке шығуы салтанатты түрде аталып өтеді. Швецияда мектеп, университет және кәсіпкерлік ортаның өзара тығыз байланысын қалыптастыруға көңіл бөлінеді.

Білім беру жүйесінің көшбасшылары мұғалімнің кәсіби даму тәсілдерін жаңғыртады. Педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесі Қазақстанмен салыстыруға келмейді. Олар көлемі, кезеңділігі, қамтылуы, орталықтану деңгейі бойынша ерекшеленеді.

ЭЫДҰ-ның 20 елінде міндетті біліктілікті арттыру курстары жеке мектептер басымдықтары аясында өткізіледі. Біліктілікті арттыру қызмет бойынша көтерілу және жалақыны арттыру үшін қажет. ЭЫДҰ-ның 14 елінде біліктілікті арттыруға жұмсалатын шығындарды мемлекет толық, 8 елінде ішінара өтейді.

Финляндия мен Сингапур педагогтері жыл сайын біліктіліктерін арттырады. Оңтүстік Кореяда мұғалімдерге қашықтықтан оқытудың және мектепшілік семинарлар мен курстардың әртүрлі нысандары ұсынылады.

Жапонияда мұғалімдерді қайта даярлау саласы мемлекеттің бақылауына алынған. Финляндияда педагог кадрлардың кәсіби дамуына жұмыс берушілер жауапты болады, Швецияда – нарықтық қатынастар негізінде, мемлекеттің қатысуынсыз жүзеге асырылады.

Мұғалімнің кәсіби даму форматы әлдеқайда кең. Ол курстарға, семинарлар мен конференцияларға барумен ғана шектелмейді. Тиімді кәсіби даму оқыту мен практиканы қамтиды. Дәйекті қолдау көрсету көзделген. Қашықтықтан оқыту курстары ЭЫДҰ-ның 21 елінде ұсынылады. Мектеп базасында жұмыстан қол үзбей біліктілікті арттыру қолданылады. Мұғалімдердің ЖОО мен жекеменшік компаниялардың базасында курстық қайта даярлаудан өту мүмкіндіктері бар.

Мұғалімдер мен мектеп басшыларының стандарттарында кәсіби құзыреттілік сапасының өлшемшарттары қамтылған. Оқыту және мектепті

басқару практикасының индикаторлары педагогикалық білім беру бағдарламаларында, жұмыстың жеке нәтижелерін бағалауда көзделген.

Экономикалық дамудың жоғары деңгейіне мектептерді «үздік» және «нашар» деп бөлмейтін елдер қол жеткізуде. Алдыңғы қатарлы әлемдік білім беру жүйелерінің назары мектеп оқушыларының білім жетістіктерін теңестіруге бағытталған. Сингапурда мектеп оқушылары қабілеттерін ерте жастан диагностикалаудың қорытындысы бойынша олар аптасына 4-8 рет математикалық сауаттылық бойынша қосымша сабақтарға қатысады.

Жапонияда ауыл мектептерінің одағы құрылған, сол арқылы мұғалімдер тәжірибе алмасуға және әртүрлі зерттеулер жүргізуге мүмкіндік алады. Сабақ үлгерімі нашар балаларға үй тапсырмасын орындауда қолдау көрсету бойынша студенттердің волонтерлік қызметі кең тараған.

Шанхайда ауыл мектептеріне қалалық мектептер қолдау көрсетеді. Гонконгта мигранттардың балалары үшін оқуда қолдау көрсетудің арнайы бағдарламалары әзірленеді. Оқу жылы басталғанға дейін арнайы 6 айлық бағдарлама ұйымдастырылады.

ЭЫДҰ-ның 15 елінде үлгерімі нашар оқушыларға қолдау көрсету бағдарламалары бар.

Жаңа талаптарға сай білім беру ортасын құру түйінді мәселе болып табылады. Мектеп инфрақұрылымының мүмкіндіктері барынша пайдаланылады. Ашық ішкі кеңістікті трансформациялау, мобильді қалқа немесе жылжымалы жабдықтар көмегімен оқу алаңдарын аймақтарға бөлу процестері қолданылады. Бұл ұзақ уақыт мектеп ғимаратында болатын балалар үшін түрлі психологиялық әралуандылыққа және көңіл-күйінің өзгеруіне жағдай жасайды.

Соңғы үш жылда шағын жинақты мектептердің жабылуы есебінен мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің 113 бірлікке қысқару үрдісі байқалуда (2015 – 2016 оқу жылы – 7 160 мектеп, 2016 – 2017 оқу жылы – 7 100 мектеп, 2017 – 2018 оқу жылы – 7 047 мектеп). 2017 – 2018 оқу жылы республикада оқушылардың контингенті 3 млн. баланы құрады. Бұл 2015 жылғы көрсеткіштен 326 мың балаға өскенін көрсетеді (2015 – 2016 оқу жылы - 2 724 127 оқушы, 2016 – 2017 оқу жылы – 2 930 583 оқушы, 2017 – 2018 оқу жылы – 3 050 770 оқушы).

2014 жылдан бастап 2016 жылдар кезеңінде авариялық жағдайдағы мектептер санының 99 бірлікке азайғаны байқалады (2014 – 2015 оқу жылында – 136 бірлік, 2015 – 2016 оқу жылында – 69 бірлік, 2016 – 2017 оқу жылында – 37 бірлік).

Үш ауысымды мектептердің саны 11 бірлікке ұлғайды (2014 – 2015 оқу жылында – 95, 2015 – 2016 оқу жылында – 87, 2016 – 2017 оқу жылында – 106).

«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2015 – 2016 жылдары елімізде 35 мектеп ашылды, ол 27 үш ауысымды мектепті және 5 апаттық мектепті жоюға мүмкіндік берді.

2011 – 2015 жылдары Қазақстанда мектепте білім берудегі басымдық инфрақұрылымдық дамуға және жаңартылған білім беруге көшуге дайындық болды. НЗМ тәжірибесін толық көлемде тарату жүзеге асырылуда. Мектепте білім берудің жаңартылған мазмұнына кезең-кезеңімен көшу үшін база дайындалды. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің МЖС-і қабылданды. Бағдарлама оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни тұрғыдан ойлау, білімі мен біліктілігін шынайы өмірде қолдана білу қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Жаңартылған бағдарлама 30 пилоттық мектептің 2015 – 2016 оқу жылдары 1-сыныптарында, 2016 – 2017 оқу жылдары 2-сыныптарында апробациядан өтті.

2016 – 2017 оқу жылында 1 қыркүйектен бастап республиканың барлық мектептерінде 1-сыныптарда НЗМ-нің тәжірибесі бойынша жаңартылған бағдарлама енгізілді.

2017 – 2018 оқу жылы жаңартылған білім мазмұнына 2, 5, 7-сыныптар көшті.

Жаңартылған білім мазмұнымен қатар бес күндік оқыту аптасы енгізілді.

Жаңартылған білім мазмұнын енгізу шеңберінде үш тілде оқытуға кезең-кезеңімен көшуге және жеке пәндерді ағылшын тілінде оқытуды енгізуге дайындық іске асырылуда. Осылайша, 2017 – 2018 оқу жылының қыркүйегінен бастап пилоттық режимде 153 мектепте жаратылыстану-ғылымы циклын ағылшын тілінде оқыту, 379 мектепте пәндерді оқытуда ағылшын тілінің элементтерін енгізу басталды.

Осылайша, 2017 – 2018 оқу жылынан бастап үш тілде оқыту республиканың 2206 мектебінде, оның ішінде 20 НЗМ, 27 «Білім-инновация» лицейінде, дарынды балаларға арналған 33 мамандандырылған мектепте, 153 пилоттық және басқа мектептерде жүзеге асырылуда.

2017 – 2018 оқу жылы елімізде дарынды балалар үшін контингенті 64,7 мың оқушы бар мамандандырылған 125 білім беру ұйымы жұмыс істеуде.

2013 – 2017 жылдары қазақстандық оқушылардың халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстарға қатысу нәтижелері бойынша Қазақстан математика, физика және химия бойынша әлемнің ең үздік 10 елінің қатарына енді. Интеллектуалды жарыстарда жеңімпаздардың жалпы саны 2014 жылы – 1 376 адамды құрады, 2015 жылы – 1 309 адам, 2016 жылы – 1 273 адам, 2017 жылы – 688 адам.

Педагогтің кәсіби стандарты әзірленді және педагогикалық мамандықтарға қабылдау тетіктері қайта қарастырылды.

НЗМ-нің Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген біліктілікті арттырудың жаңа үш деңгейлі бағдарламалары бойынша 2013 – 2016 жылдары курстық даярлықтан 68,7 мың педагог өтті. Бес жыл ішінде жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері үшін 217 онлайн-семинар және 493 шеберлік сыныбы өтті.

Өткізілген біліктілікті арттыру курстарының сапасын талдау, сондай-ақ олардың тиімділігін анықтау үшін 2016 жылы мониторингтік зерттеу жүргізілді.

2016 – 2017 жылдары 152,4 мың мұғалім (53 %) білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Азаматтық қызметшілерге, оның ішінде білім беру қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жаңа моделі 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосылды. Педагогтерге сараланған қосымша ақы және ынталандыру үстемеақылары көзделген. Бұл мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жақсартуға, кәсіптің тартымдылығын арттыруға және тым жоғары педагогтік жүктемені азайтуға ықпал етеді.

Үш тілде оқытуды дамыту жөнінде кең ауқымды іс-қимыл жүргізу үшін үш тілде білім беруді дамытудың 2015 – 2020 жылдарға арналған жол картасы жүзеге асырылады.

Қосымша білім беру және балалардың сабақтан тыс уақыттағы әрекетін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалуда. Мектептен тыс ұйымдарда және мектеп үйірмелерінде балаларды қамту үлесі 65,8 %-ды құрайды.

Қолданыстағы Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) форматын жетілдіру мақсатында ҰБТ рәсімі мектептегі қорытынды аттестаттауға және ЖОО-ға түсу емтиханына бөлінді.

Өз елінің тағдыры мен қабылдаған шешімдеріне жауапкершілікті сезінетін жас ұрпақты қалыптастырудың жаңа тәсілдемелері «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында негізделген.

Мектептегі білімді табысты аяқтағанын растаған мектеп түлектері үлесінің өскендігі байқалуда.

Сонымен бірге ХХІ ғасырдың жаңа жаһандық талаптарын ескере отырып, барлық балалар үшін сапалы білім беру мәселесі өзекті бола түсуде. Жалпы орта білім беру инфрақұрылымы жедел қарқынмен дамуды талап етеді. Елдің географиялық басымдығына байланысты ауылдағы мектептердің саны 3 есе көп.

Ауылдық жерлерде орналасқан мектептердің саны қалалық мектептерден 3,3 есе көп. Бұл ретте қалалық мектептердің оқушылары ауылдық оқушылармен салыстырғанда көп (қала – 1 650 672, ауыл – 1 400 098 адам).

Әрбір аз қоныстанған мекенде мемлекет шағын жинақты мектептердің (бұдан әрі – ШЖМ) жұмыс істеуіне кепіл береді. Мектептердің 2 944-і ШЖМ болып табылады. Кейбір облыстарда көптеген мектептер ШЖМ болып саналады: Солтүстік Қазақстан облысында – 79,0 %, Ақмола облысында – 67,6 %, Қостанай – 67,5 % және Шығыс Қазақстан – 54 %.

Республикада 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 0-ден 18 жасқа дейінгі 5,6 млн. бала тұрады, олардың 8,6 %-ға жуығын осал топтағы балалар – жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалар, тұрмысы төмен және көп балалы

отбасылардан шыққан балалар, заңсыз әрекеттер жасаған балалар және т. б. құрайды.

Инклюзивті білім беруді дамыту және денсаулығында проблемасы бар (арнайы білім беру қажеттіліктері бар, мүгедек балалар), қоғамға әлеуметтік бейімделуде қиындыққа кезіккен (девиантты мінез-құлықты, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен) балалардың, мигрант, оралман, босқын және мектебі жоқ елді мекендерде тұратын отбасылардан шыққан балалардың барлық санаттарының сапалы білімге тең қол жеткізуін қамтамасыз ету арқылы балалардың барлық санаттарының тегін жалпыға міндетті орта білім алу құқықтарын іске асыру үшін тең мүмкіндіктер мен жағдайлар жасалуда.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 17 бұйрығымен өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларға білім беру ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарты бекітілді.

Заңсыз әрекеттер жасаған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-психологиялық оңалту үшін 7 арнаулы білім беру ұйымы және 1 ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымы жұмыс істейді.

Қадағалаусыз және панасыз қалған балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездік салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қабылдауды, уақытша күтіп-бағуды, бейімдеуді және одан әрі орналастыруды қамтамасыз ету үшін республикада 19 кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы (бұдан әрі – КТБО) және өмірлік қиын жағдайға ұшыраған балаларды қолдау орталығы жұмыс істейді.

Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы жанында қоғамдық бастамалармен қиын өмірлік жағдайда жүрген ата-аналарға (занды өкілдерге) және балаларға пәрменді консультативтік, құқықтық, психологиялық, педагогикалық көмек көрсететін отбасын қолдау қызметі жұмыс істейді.

Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі әлеуметтік жетімдік деңгейін төмендету болып табылады.

27,3 мың жетім бала мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың 21,0 мыңы отбасыға орналастырудың баламалы нысандарымен (қорғаншылық, қамқоршылық, патронат) қамтылған.

Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу мақсатында бірқатар шаралар, оның ішінде отбасылық және балалық шақтағы қолайсыздықты уақытылы анықтау, өмірлік қиын жағдайда жүрген отбасылар мен балаларға қажетті көмек көрсету шаралары қабылдануда, балаларды орналастырудың баламалы нысандары дамуда.

Балаларды отбасына орналастырудың баламалы нысандары бар –

қорғаншылық, патронат және асырап алу, қабылдайтын отбасы, қонақ ететін отбасы.

Балалардың жасына, денсаулығы мен қажеттілігіне қарай демалу және бос уақытын өткізу құқығы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген.

2017 жылдың жазында республикада 14 730 сауықтыру лагері мен алаң (оның ішінде: 12 510 мектеп жанында, 1997 шатырлы, спорттық, киіз үйлі, 223 қала сыртындағы) жұмыс істеді. 2016 жылмен (12 689 лагерь) салыстырғанда лагерьлер саны 16 %-ға ұлғайды.

2016 – 2018 жылдарға арналған жазғы демалыс кезеңінде балаларды сауықтыру демалысы мен іспен шұғылдануын, балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың жол картасы бекітілді

Жыл сайын Мемлекет басшысына Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама ұсынылады.

Балалар мен жастарға қолжетімді шағымдар мен өтініштерді беру тетігі жасалды.

Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларға жедел консультативтік көмек, психологиялық қолдау көрсету үшін мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының блогы, сенім телефондары жұмыс істейді.

Проблемалар:

1) мектеп инфрақұрылымын дамыту қажеттіліктерді толық көлемде қанағаттандырмайды. Пайдалану мерзімінен асып кеткен (1950 – 1970 жылдары салынған), тозығы жеткен мектеп ғимараттары авариялық жағдайдағы мектептер қатарына өтеді. 2016 жылы мұндай мектептер саны 64 бірлікті құрады. Авариялық жағдайдағы мектептерде 17,9 мың бала, 127 үш ауысымды мектепте 18,6 мың бала оқиды;

2) елді мекендерде мектептердің болмауынан 3 561 оқушының тұрғылықты жері бойынша оқуға мүмкіндігі жоқ, ол тасымалдауды қажет ететін балалардың 13,7 %-ын (25 863 адам) құрайды;

3) ерекше білім беру қажеттілігі бар мектеп оқушыларын жалпы білім беретін мектептердің білім беру процесіне қосудың маңыздылығы сақталып отыр. Мектептердің 55 %-ында тиісті жағдайлар жасалған. Мұндай мүмкіндікке білім беру қажеттілігі ерекше балалардың 34 %-ы ғана ие болды. Арнайы білімі бар педагогтер мен әдістемелік сүйемелдеуге қажеттілік бар;

4) оқу әдебиеттерін баспахана ішінде сараптау рәсімінің тиімділігі жеткіліксіз деңгейде. Баспаханалардан келіп түскен оқулықтардың 91,2 %-ы қайта өңдеуге жіберіледі. Ғылыми-педагогикалық сараптамадан бірінші реттен оқулықтардың тек 12 %-ы ғана өтеді;

5) оқытудың инновациялық технологиялары толық көлемде қолданылмайды. Мектептердің кең жолақты интернетке қосылу көрсеткіштері төмен болып қалуда;

6) әлеуметтік және эмоциялық дағдыларды қалыптастыру, когнитивтік емес қабілеттерді дамыту қажеттілігі әлі де ерекше маңызды болып табылады.

Мектепте білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу STEM-оқыту аясында жүзеге асырылуы тиіс. Пәнаралық және жобалық тәсіл мектеп оқушыларын тану мен дамудың белсенді процесіне ынталандыруға мүмкіндік береді;

7) ағылшын тілін білетін пән мұғалімдеріне қажеттілік жоғары болып қалуда. Жоғары және бірінші біліктілік санаты бар мектеп педагогтерінің сапалық құрамы 50,8 %-ды ғана құрайды. Мұғалімдердің 1,2 %-ның ғана магистр дәрежесі бар;

8) біліктілікті арттыру жүйесінің алдына да жаңа міндеттер қойылуда. Мұғалімнің кәсіби даму бағдарламаларын сапалы жаңарту қажет. Бұл Қазақстан педагогтерінің біліктілігін арттыру жүйесінің кадрлық құрамының жоғары құзыреттерін талап етеді;

9) ауыл мұғалімдерінің курстармен қамтылуы төмен деңгейде қалып отыр. Ұсынылған курстық дайындықтың форматы жаңа тәсілдемелер әзірлеуді және енгізуді талап етеді;

10) мектептегі білім сапасы көрсеткіштерінің тежеуші факторы әлі де мұғалім кәсіби мәртебесінің төмендігі болып отыр. Мұғалімінің қоғамдағы беделін көтерудің, жоғары материалдық және рухани ынталандырудың, педагогтік қызметке қабілетті және шығармашыл жастарды тартудың жаңа тәсілдемелері жасалмаған;

11) мұғалімнің мансаптық және кәсіби өсуінің тетіктері әзірленбеген. Педагогтің кәсіптік стандарты немесе оның кәсіби құзыреттілігін дамытудың тұжырымдамалық моделі енгізілмеген;

12) мектеп жасындағы балаларға қосымша білім беруді дамытудың жеделдетілген қарқыны талап етіледі. Мектептен тыс ұйымдар, оның ішінде робот техникасы, IT-ағандар, жас туристер мен натуралистер бірлестіктерінің желілері жеткіліксіз;

13) бастауыш мектептің бітірушілерін оқытудың табыстылығын мониторингтеу тетігі әзірленбеген. Негізгі мектеп түлектерінің оқу жетістіктерін сырттай бағалау үлгерімі төмен оқушыларды уақтылы анықтауға және қолдауға мүмкіндік бермейді;

14) бес балдық бағалау жүйесі білім алушылар білімінің нақты деңгейін көрсетпейді. Ол кездесетін қиындықтарды ескере отырып, мектеп оқушыларын оқытудың жеке траекториясын әзірлеуге, оқу бағдарламаларын меңгерудегі проблемаларды жоюға ынталандыруға мүмкіндік бермейді;

15) қазақстандық мектеп оқушылары PISA-2015 қорытындылары бойынша ЭБДҰ елдеріндегі құрдастарынан әлі де болса математикадан 1, жаратылыстанудан 1 және оқудан 2 жылға артта қалып отыр;

16) жыл сайынғы ҰБТ қорытындылары бойынша үздік және артта қалған мектептердің арасындағы айырмашылық 60 %-ды құрайды. Оқуда төмен нәтижесі бар мектептерді қолдау тетіктері әзірленбеген және енгізілмеген;

17) мектептерде жан басына қаржыландыру тетіктерін енгізу кең таралмады. 4 377 күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептің

камқоршылық кеңестері көбінесе ата-аналар комитеттерінің қызметін атқарады. Олардың қаржылық дербестік өкілеттіктері жоқ;

18) отбасылық қолайсыздық проблемасы бар. Ішкі істер органдарының есебінде 15 мың бала тұратын 10 мыңнан астам қолайсыз отбасы бар. Жыл сайын 2 мыңға жуық ата-ана ата-аналық құқықтарынан айырылады не шектеледі, әрбір үшінші неке бұзылады, 6 мыңға жуық бала кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарынан өтеді, 3 мыңнан астам бала балалар үйіне түседі. Бұл ретте балалар үйлері тәрбиеленушілерінің 82 %-ы ата-аналары тірі жетімдер болып табылады;

19) өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды әлеуметтік және психологиялық қолдау жоқ. КТБО-лар, балалар үйлері жанында қоғамдық бастамалармен жұмыс істеп тұрған отбасын қолдау қызметтері мен қабылдаушы ата-аналар мектептері жұмысын тек түпкілікті нәтиже алған кезде ғана (бала мекемеге түскенде) қамтамасыз етеді және дағдарыс алдындағы жағдайда жүрген отбасымен профилактикалық жұмысқа жеткіліксіз бағдарланған (жұмыс істеп тұрған Қызметтердің қызметкерлері мекемелердің тәрбиешілері мен мамандары болып табылады);

20) ересектер тарапынан балаларға қатысты қатігездік жағдайларының, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасындағы жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерінің, суицидтік көріністердің жиілеп кетуі айтарлықтай алаңдаушылық туғызады. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының деректері бойынша зардап шеккен балалардың 48,5 %-ына қатысты жеке тұлғаға қарсы іс-әрекеттер жасалған (барлығы 2017 жылы – балаларға қатысты 2014 қылмыс). Құқық қорғау органдарының ресми деректері бойынша 2016 жылы кәмелетке толмағандар 3 148 құқық бұзушылық жасаған. Барлық қылмыстардың жалпы санындағы балалар қылмысының үлес салмағы 0,9 %-ды құрайды;

21) қадағалаусыз және панасыз қалғаны үшін КТБО-ға жеткізілген кәмелетке толмағандар санының өсуі. 2011 жылдан 2017 жылға дейінгі кезеңдегі динамика 2015 жылға дейін балалар санының тұрақты түрде өскенін көрсетеді, 2017 жылы біршама төмендегені байқалды, 2017 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша панасыз балалардың саны 6306-ны құрады. 2017 жылғы әлеуметтік зерттеу деректері бойынша кейбір облыстарда КТБО-ға түсетін панасыз және қадағалаусыз қалған балалар саны салыстырмалы түрде балалар саны құрамының үлкен бөлігі болып табылады. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысында 10 000 балаға шаққанда 20 панасыз баладан, Астанада өңірдегі 10 мың балаға 19 баладан келеді;

22) балалардың көпшілік санын, оның ішінде қиын өмірлік жағдайда жүрген балаларды қамту үшін қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагерінің саны жеткіліксіз.

Осылайша, мектептегі білім берудің жаңа кезеңінде инфрақұрылымдық шешімдерді, ресурстық және әдіснамалық жаңартуды жылдамдату, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы алшақтықты азайту тетіктерін әзірлеу,

корпоративтік басқарудың рөлін күшейту, білім процесін және контентті цифрландыру, жан басына қаржыландыруды енгізу, «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту шеңберінде тәрбиелеуді күшейту қажет.

Техникалық және кәсіптік білім

Әлемдік практикада техникалық және кәсіптік білімнің әлеуметтік бағыты айқын. Жетекші елдерде ТЖКБ жүйесі жастар мен ересектерді табысты әлеуметтік бейімдеудің факторы болып табылады.

Германияда әлеуметтік әріптестік Еуропадағы жастар жұмыссыздығы төмендеуінің үздік көрсеткіштерін қамтамасыз етті. Қазақстанмен салыстырғанда оқушыларды дуальді оқытумен қамту 3,5 есе жоғары. Кадрларды даярлау процесіне кәсіпорындарды тарту көрсеткіштері 27,5 есе артып отыр.

ЭЫДҰ елдерінде ТЖКБ білім берудің және жұмыс берушілердің, мүдделі тараптардың ұжымдық жауапкершілігі негізінде дамиды.

Еуропалық Одақта 2020 жылға дейін ТЖКБ-нің басты мақсаттарының бірі дуальді оқытуды ілгерілету болып мәлімделді. Жұмысшы кәсібін алумен қатар жастарға кәсіпкерлік дағдыларды дарыту қамтамасыз етіледі.

2011 – 2015 жылдары елдегі ТЖКБ-ны қайта құрылымдау бойынша едәуір жұмыс жүргізілді. 2012 жылы Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің алғашқысы болып ТЖКБ жүйесінің білім беру қызметін қайта форматтады. Бұл кадрларды даярлауға техникалық бағыт беруге мүмкіндік берді. Осылайша ТЖКБ біліктіліктерінің сабақтастығы қамтамасыз етілді. Колледж студенттері бір оқу орны шеңберінде бірнеше қолданбалы біліктіліктерді алу мүмкіндігіне ие болды.

2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 824 колледж жұмыс істейді, оның ішінде 473-і мемлекеттік (2014 жылы – 820 бірлік, 2015 жылы – 807 бірлік, 2016 жылы – 817 бірлік). Оның 23 %-ы ауылдық жерде орналасқан. Барлығы 489,2 мың студент оқиды. Кадрлар даярлау 213 мамандық және 693 біліктілік бойынша жүзеге асырылады.

Индустриялық-инновациялық дамудың басым жобаларын іске асыру үшін 10 базалық колледж айқындалған.

2015 жылы дуальді оқытудың қағидаттары заңнамалық түрде бекітілген. Еліміздің кәсіпорындарымен әріптестікте білім беру қызметін 421 колледж (2014 жылы – 280 бірлік, 2015 жылы – 348 бірлік, 2016 жылы – 421 бірлік) жүзеге асыруда. 80 мамандық пен 160 біліктілік бойынша 31 933 студентті қамтитын 3 055 кәсіпорынның қатысуымен колледждер мен жұмыс берушілердің ынтымақтастығы туралы 27 200 шарт жасалған.

«Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» оқу миграциясы арқылы еңбек ресурстарының өңірлік теңсіздігін реттеу тетігі іске қосылды. Солтүстік,

орталық және шығыс өңірлердегі 34 колледжде 2 200 студент оқиды.

Білім беру қажеттіліктері ерекше жастардың техникалық және кәсіптік білім алуға қолжетімділігі қамтамасыз етілуде. Қабылдау квотасы белгіленген (2012 жылдан бастап мүгедектер үшін квота мөлшері 1 %-ды құрайды).

ТжКБ білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартуда жаңа тәсілдер әзірленуде. Қазақстан Турин процесінің қатысушысы болды. Бұл ТжКБ жүйесін дамытудың нақты қадамдарын әзірлеуге мүмкіндік береді.

ЭЫДҰ-ның практикасы, қазіргі кезде көптеген елдерде жастарды алғашқы жұмысшы мамандығымен тегін қамтамасыз ету арқылы ТжКБ жүйесін ілгерілету, оның беделін арттыру жұмысы жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Алғашқы жұмыс біліктілігін тегін беру заңнамалық түрде бекітілген («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы).

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) шеңберінде республикалық бюджет қаражаты есебінен ТжКБ-мен кадрларды даярлау және қысқа мерзімді кәсіптік оқыту көзделген.

2017 жылы ТжКБ бар кадрларды даярлау жөніндегі Бағдарламалар шеңберінде 21,3 мың адам оқи бастады.

ТжКБ-ның оқу орындарын халықаралық аккредиттеу заңды түрде бекітілді.

Қабылданып жатқан қадамдарға қарамастан, Қазақстанда ТжКБ-мен қамту дамыған елдердің көрсеткіштерінен айтарлықтай төмен. Халықтың 22 %-ы ғана ТжКБ-ны беделді деп санайды. Ал Еуроодақ елдерінде жұмысшы кәсібін алу халықтың 71 %-ы үшін жағымды имиджге ие. Бұл – қамту, жұмысқа орналастыру, еңбекақы мөлшері және халықтың ой-пікірінің көрсеткіштері.

Қазақстандағы ТжКБ-ға жұмсалатын шығыстар әлемнің дамыған елдерінің көрсеткіштерінен 2,5-3 есеге төмен.

Проблемалар:

1) кәсіптік бағдарлау жұмысының тиімді жүйесі жоқ.

2017 жылы ТжКБ-дағы типтік жастағы (14 – 24 жас) жастардың үлесі 17 %-ды ғана құрайды;

2) ЭЫДҰ сауалнама қорытындылары бойынша Қазақстандағы компаниялардың 70 %-ы кадрлар даярлау деңгейінің төмендігі бизнесті дамытуға айтарлықтай кедергі келтіреді деп санайды. Еліміздің жұмысшы кадрлары компьютерлік жобалау дағдыларын, күрделі дәнекерлеу конструкцияларымен жұмыс істеуді, техникалық ағылшын тілін игермеген. Жыл сайын 30 мың шетелдік жұмыскер, оның 24,9 мыңы (83 %) – өнеркәсіп үшін тартылады;

3) мамандарды даярлау сапасын растайтын колледждердің көрсеткіштері төмен болып отыр. Олардың 7 %-ы ғана аккредиттеуден өткен (2016 жылы – 4,3 %);

4) салалық қауымдастықтар базасында ТжКБ студенттерінің біліктілігін

тәуелсіз сертификаттау тетіктері әзірленбеген. Түлектердің кәсіби даярлық деңгейінің сертификаттарын бизнес-қоғамдастық мойындамайды. Бұл ретте жұмыс берушілердің бірде-бір кәсіби қауымдастығы осы уақытқа дейін түлектерді өздері тәуелсіз сертификаттауды бастамаған;

5) инженер-педагог кадрлар мен өндірістік оқыту шеберлерінің тапшылығы байқалады. Жалақы деңгейінің төмендігі оқыту үшін өндірістен тәжірибелі жұмыскерлерді тартуға мүмкіндік бермейді;

6) ТжКБ жүйесіндегі өндірістік оқыту шеберлері инженер-педагог қызметкерлердің жалпы санынан 7 %-ды ғана құрайды (2016 жылы – 13,4 %). Дамыған елдерде оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері тәжірибелі мамандар болып табылады немесе 3 жылда 1 рет өндірісте тағылымдамадан өтіп тұрады. Ұйымдар мен кәсіпорындар базасында тағылымдамадан өту шаралары көзделмеген;

7) колледждердің ескірген материалдық-техникалық базасы кадрларды даярлау сапасы мен ТжКБ жүйесінің тартымдылығын қамтамасыз етпейді;

8) басқа қаладан келген ТжКБ студенттерінің 10 мыңы жатақханаға мұқтаж.

Жұмысшы еңбек нарығының дамуы ТжКБ жүйесінің алдына жаңа талаптар қойды. ТжКБ жүйесі әлеуметтік тиімділік үшін, ең алдымен, жалпы адам және қоғам үшін тиімділік аясында басты рөлді ойнауға бағытталған.

Осыған байланысты жастарды ТжКБ-мен қамтуды ұлғайту үшін жағдай жасау, халықаралық стандарттарды ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңарту және оларды білім беру процесіне енгізу қажет. Коммуникациялардың заманауи құралдарын есепке ала отырып, оқыту процесінде цифрлық білім беру контентін қолдану керек. Жоғары біліммен сабақтастықты қамтамасыз ету үшін кредиттік-модульдік оқыту технологиясына көшуді жүзеге асыру қажет.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім

Жоғары оқу орындары ғылымын дамыту тренді инновациялық экономиканың тиімді көрсеткіші болып көрсетілген. Университеттер мен бизнес-құрылымдарды интеграциялау күшеюде.

IMD рейтингінде жоғары білімі экономиканың қажеттіліктеріне сай келетін жетекші елдер тобына Швеция, Сингапур, Дания, Канада, Финляндия кіреді. Қазақстан әлемнің 60 елінің ішінде 44-орынды иеленіп отыр.

Зерттеу ЖОО-ларын дамыту жобалары іске асырылуда. Қытайдың зерттеу университеттеріне салған инвестициясы жоғары білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырды.

Ұлыбританияда зерттеу университеттеріне көңіл бөлу елдің орнықты экономикалық дамуын қамтамасыз етті. 2010 жылы Ұлыбританияның Russel Group тобына біріктірілген 20 ЖОО-сы 22,3 млрд. көлемінде табыс әкеліп, 243 мың жұмыс орнын қамтамасыз етті. Russel Group университеттерінің F3Ж

нәтижелерінің 2/3-інен астамы елдің экономикасына, денсаулық сақтау, мәдениет және әлеуметтік салаларына енгізілуде.

Қазақстанда жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім берудің басымдығы білім, ғылым және өндірістің үштұғырлылығы болып табылады. Елдің жоғары мектебін институционалдық қайта құру процесі басталды. Бірінші зерттеу ЖОО-сы – Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті құрылды. Мұнда іргелі және қолданбалы ғылыми-білім зерттеулерін орындайтын еліміздің жетекші ғалымдарының пулы қалыптасты.

Коммерцияландырудың 27 офисі, 12 технопарк және 33 бизнес-инкубатор жұмыс жасайды. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – Назарбаев Университеті) ғаламдық білім мен ғылыми жаңалықтардың флагманына айналды. ЖОО-ның инженерлік мектептерінде инновациялық білім беру мен ғылыми жобалар табысты іске аса бастады. 2015 жылы Назарбаев Университеті шептен өтті. Алғашқы болып 594 жоғары білікті жас маман (446 бакалавр және 148 магистр) бітірді.

Республикада 2017 – 2018 оқу жылында 130 (10 ұлттық, 32 мемлекеттік, 14 азаматтық емес, 1 ДББҰ, 1 халықаралық, 17 акционерлік, 55 жекеменшік) ЖОО жұмыс істеді (2013 – 2014 оқу жылы – 132, 2014 – 2015 оқу жылы – 127; 2015 – 2016 оқу жылы – 125, 2016 – 2017 оқу жылы – 130).

2017 – 2018 оқу жылында ЖОО-да білім алушылардың жалпы контингенті 534 421 адамды құрады (2014 – 2015 оқу жылы – 506,4 мың адам, 2015 – 2016 оқу жылы – 455,1 мың адам, 2016 – 2017 оқу жылы – 512, 6 мың адам), соның ішінде бакалавриатта 496 209, магистратурада 34 609 және докторантурада 3 603 адам.

Оқытушы-профессорлық құрамның (бұдан әрі – ОПК) саны 38 212 адамды құрайды (2014 – 2015 оқу жылы – 40320, 2015 – 2016 оқу жылы – 38087, 2016 – 2017 оқу жылы – 38241). ОПК дәрежелілігі 49%-ды құрайды (2014 – 2015 оқу жылы – 49,1 %, 2015 – 2016 оқу жылы – 50,4 %, 2016 – 2017 оқу жылы – 50,3 %).

Мамандарды даярлау еңбек нарығы ескеріле отырып жүзеге асырылады. 11 ЖОО Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – ИИДМБ) жобаларын табысты іске асыру үшін жоғары білікті кадрлар даярлауда база ретінде айқындалды. Кәсіби құзыреттер Дублин дескрипторларына және жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес әзірленген білім беру бағдарламалары шеңберінде қалыптастырылады. Жоғары және ЖОО-дан кейінгі білімнің үш деңгейлі моделінің білім беру бағдарламаларының сабақтастығы қамтамасыз етілді. ЖОО-лардың білім беру бағдарламаларының мазмұнын анықтаудағы академиялық еркіндігі бакалавриатта 55 %-ға, магистратурада 70 %-ға, докторантурада 90 %-ға дейін ұлғайтылды. ЖОО-лар білім беру қызметі нарығында олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге ықпал ететін білім беру бағдарламаларының кең спектрін ұсына алады.

Магистратура гранты санының бакалавриат грантына арақатынасы жоғары оқу орындары контингентінің әлемдік құрылымына (1:5) сәйкес келеді.

Еуропалық жүйемен салыстырмалы Ұлттық біліктілік жүйесінің негізінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлайтын 70 кәсіптік стандарт әзірленді.

Қазақстандық ЖОО-лардың әлемнің жетекші университеттерімен білім беру байланысы кеңейтілуде. Халықаралық ғылыми-зерттеу жобалары шетелдік әріптес ЖОО-мен бірлесе отырып іске асырылуда. Елдердің қарым-қатынасы жоғары білім беру біліктілігінің тартымдылығы мен салыстырмалылығын қамтамасыз етеді.

ЖОО-ларды аккредиттеудің ұлттық моделі енгізілді. 2014 – 2016 жылдары қазақстандық аккредиттеу агенттіктерінде институционалдық аккредиттеуден 96, ұлттық мамандандырылған аккредиттеуден 86 ЖОО өтті. Мемлекеттік аттестаттаудан қоғамдық-кәсіптік аккредиттеуге біртіндеп көшу басталды.

Студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы дамып келеді. 2011 жылдан бастап 2017 жылдар кезеңінде бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат есебінен академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелге барып оқыған білім алушылардың жалпы саны 11 693 адамды құрады. Соңғы 3 жылда шамамен 7 312 студент шетелдік ЖОО-ларда білім алды: 2015 жылы – 2 329 студент, 2016 жылы – 2 473 студент, 2017 жылы – 2 510 студент.

Бірлескен білім беру және зерттеу бағдарламаларын іске асыруға шетелдік ғалымдар тартылуда. 3 жыл ішінде Еуропа, АҚШ, Ресей Федерациясы, Оңтүстік-Шығыс Азия және т.б. елдердің ЖОО-ларынан 2 455 шетелдік ғалым мен оқытушы шақыртылды (2015 жылы – 992 адам, 2016 – 765 адам, 2017 жылы – 688 адам).

2017 жылы қазақстандық ЖОО-лар әлемнің 68 елінің ЖОО-ларымен 968 халықаралық шарт жасады.

2017 жылы қазақстандық ЖОО ғалымдары әлемнің 46 еліндегі шетелдік әріптестерімен бірлесіп 720 ғылыми зерттеуді жүзеге асырды.

42 ЖОО-да педагогикалық, техникалық және жаратылыстану мамандықтарында оқыту ағылшын тілінде жүзеге асырылады. Оның ішінде, 15 ЖОО-да педагогикалық мамандықтарда 3,5 мың адам оқытылуда. Бұл ретте 2015 жылы көрсетілген бағдарламаларды 531 адам аяқтады, оның 500-і НЗМ-ге, әртүрлі пәндерді тереңдете оқытатын дарынды балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарға, мектеп-гимназияларға жұмысқа орналасты.

Еуропалық стандарттар мен сапаны қамтамасыз ету қағидаттары ескеріле отырып, сапаны қамтамасыз етудің ұлттық жүйесі әзірленді, оның шеңберінде ЖОО-ларды және білім беру бағдарламаларын тәуелсіз аккредиттеу рәсімдері өткізілуде. Қазіргі уақытта аккредиттеуді 10 аккредиттеу агенттігі жүзеге асырады: 4 қазақстандық (БСҚТҚА, АРТА, KAZSEE, ARQA) және Еуропа мен АҚШ-тың 6 шетелдік агенттігі (ASIIN, FIBAA, ACBSP, MSA-CESS, MusiQuE, IMaREST).

2017 жылы ұлттық агенттіктер: АРТА және БСҚТҚА жоғары білім беруде сапаны қамтамасыз ету бойынша Еуропалық қауымдастықтың (ENQA) толық мүшесі болды және Сапаны қамтамасыз етудің Еуропалық тізіліміне енгізілді (EQAR).

2017 жылы қазақстандық аккредиттеу агенттіктерінде институционалдық аккредиттеуден 104 ЖОО өтті (2015 жылы – 72, 2016 жылы – 96), ұлттық мамандандырылған аккредиттеуден – 92 ЖОО (2015 жылы – 55, 2016 жылы – 86). 3 177 білім беру бағдарламасы аккредиттеуден өтті.

Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша корпоративті басқару енгізілуде. 28 ЖОО-да байқау кеңестері жұмыс істейді және 2 университет КеАҚ болып қайта ұйымдастырылды. 64 ЖОО-дағы Қамқоршылық кеңестердің жұмыс істеу қағидаттары қайта қарастырылуда.

Білім, ғылым және бизнестің интеграциясы күшеюде. ЖОО-лар жанында 27 коммерцияландыру офисі, 12 технопарк, 33 бизнес-инкубатор, 130 зертхана, оның ішінде ИИДМБ-ның 47 пәнаралық зертханасы және 15 инженерлік бейіндегі зертхана жұмыс жасайды.

Қазақстан QS-2017 рейтингінде 8 орынға ие болды. Еліміздің 1 университеті «Топ-300» қатарына, 1 ЖОО «Топ-400» қатарына, 1 – «Топ-500» қатарына және 5 – «Топ-700+» қатарына кірді, сондай-ақ жыл сайын кейбір қазақстандық ЖОО-лар өздерінің орындарын айтарлықтай жақсартуда. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 236-орынды иеленді, осылайша рейтингтің топ-300 қатарына енді. Өз кезегінде Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ QS 2017 рейтингінде 345-орынды иеленді. Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті 411-орынды иеленіп, «топ-500» қатарына енді.

Топ-700+ құрамына мынадай ЖОО-лар кірді: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (№ 501); М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (№ 601); Қазақ-Британ техникалық университеті (№ 651); Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (№ 701 +); Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (№ 701+).

Бұған білім, ғылым және бизнестің интеграциясы, ғалымдардың жарияланымдық белсенділігінің артуы, интернационалдандыру деңгейінің өсуі, шетелдік студенттер санының артуы, косдипломдық білімді дамыту ықпал етті.

Осылардың барлығы қазақстандық ЖОО-лардың имиджіне оң әсерін тигізді, Қазақстан Республикасының жоғары білім берудегі жетістіктерінің халықаралық деңгейде мойындалуын растайды.

ЖОО-лардың 200 қызметкері Ұлыбритания, Жапония, Америка Құрама Штаттары және Сингапур елдерінде тағылымдамадан өте отырып, Назарбаев Университетінің базасында менеджмент саласында курстық даярлаудан өтті. Ғылыми-педагог кадрлар «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлемнің 30 елінде кәсіптік құзыреттер деңгейін арттыруда.

2011 жылмен салыстырғанда ЖОО-дағы ОПК мен ғылыми қызметкерлердің жоғары импакт-факторы бар жарияланымдарының саны 2 еседен астам өсті.

115 ЖОО-да жастардың өзін-өзі басқару органдары құрылған.

Футбол және баскетбол бойынша Ұлттық студенттер лигасы құрылды. Бүкіләлемдік Универсиадада 2015 жылы қазақстандық студенттер құрамасы 5 алтын және 6 күміс медальді жеңіп алды.

Проблемалар:

1) ЖОО-ларда кадрлар даярлау әлі де болса практикалық дағдыларды дамытуға бағытталмаған. Білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің күткен үміттерін қанағаттандырмайды;

2) техникалық мамандықтар бойынша ЖОО бітірушілер деңгейінің төмендігі байқалуда (ОЖСБ қорытындылары: 2014 жылы – 72,5 балл, 6 мамандық бойынша орташа балл кезінде – 81; 2015 жылы – 70,6 балл, 6 мамандық бойынша орташа балл кезінде – 79,1; 2016 жылы – 70,8 балл, 6 мамандық бойынша орташа балл кезінде – 80).

3) педагог кәсібі беделінің болмауы үлгерімі төмен талапкерлерді қабылдауға әкеледі. Педагогикалық мамандықтарға қабылдауға қойылатын арнайы талаптар жоқ. Педагогикалық мамандықтардың түлектері оқу практикасында оқытудың жаңа технологияларын пайдалануға бағдарланбаған. Студенттерді үш тілде оқыту бағдарламаларымен қамту төмен деңгейде болып отыр. Студенттердің де, сондай-ақ оқытушылардың да тілдік құзыретін жоғарылатуға қажеттілік бар. Ағылшын тілінде оқытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жеткіліксіз дәрежеде әзірленген;

4) IMD рейтингінде Қазақстан әлемнің 56 елінің ішінде «студенттерді импорттау» көрсеткіші бойынша 44-орынды алады. Шетелдік студенттердің үлесі 2,7 %-ды ғана құрайды, ЭЫДҰ елдерінде олардың үлесі 9-10 %-ға дейін жетеді;

5) корпоративтік басқарудың қолданыстағы институттарында негізгі шешімдерді қабылдауға әсер ететін нақты өкілеттіктер жоқ. ЖОО-лар студенттер мен ата-аналар қоғамдастығы алдында есеп беру тетігін реттемеген;

6) ЖОО-ның инфрақұрылымы мен бос уақытты ұйымдастыруы басқа қаладан келген және шетелдік студенттердің қажеттіліктеріне сәйкес келмейді және ойындағыдай емес;

7) еліміздегі ЖОО-ларда 40 %-ға жуық (204 мың) басқа қалалардан келген студенттер білім алады. Осыған байланысты 65 мың орынды құрайтын жатақханаға қажеттілік бар. Негізгі қажеттілік Астана қаласында – 15 мың, Алматы – 22 мың және т.б. Сондай-ақ, «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» бағдарламасының шеңберінде солтүстік өңірлерде 15 мың адамды жатақханамен қамтамасыз ету талап етіледі;

8) кердегісіз оқыту ортасы Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы, Астана және Алматы қалаларындағы ЖОО-ларда құрылған. Онда білім беру қажеттіліктері ерекше

570 студент білім алады. Заңнамалық деңгейде оларды жұмысқа орналастыру тетіктері жасалмаған;

9) ауыл жастарының әлеуметтік жобаларға қатысуы төмен деңгейде қалып отыр. Қала жастары мен ауыл жастарының арасында бос уақытты өткізу жағдайларында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Волонтерлік қозғалыс толық таралмаған. Жастардың 9 %-ы ғана спортпен айналысады (қалада – 6,7 %, ауылда – 11,8 %).

Қол жеткізілген нәтижелерді және әлі де бар проблемаларды ескере отырып, Қазақстанның жоғары мектебінің сапалы көрсеткіштерінің өсуі барынша маңызды болып табылады. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде ЖОО-ны академиялық және басқару дербестігін кеңейту жұмыстарын жалғастыру қажет. Корпоративті басқару рөлін күшейту керек (байқау кеңестері, директорлар кеңесі). Берілетін білім сапасының көрсеткіші ЖОО-ның заманауи құзыреттілігіне сәйкес олардың білім беру бағдарламаларының кәсіби қоғамдастығының бағасы болуы тиіс.

Бүгінгі күні БҒМ-да білім берудің барлық деңгейлері бойынша әкімшілік деректерді сақтауды және өндеуді жүзеге асыратын 82-ден астам ақпараттық жүйе мен деректер базасы жұмыс істейді.

Бұл ретте олар кіріктірілмеген және әрқайсысының даму бағыты әртүрлі, бұл жалпы, оларды тиімсіз пайдалануға әкеп соқтырады. Білім беру жүйесін цифрландыру жөніндегі шараларды «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асыру жоспарлануда.

Ғылым

2011 жылы қабылданған «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы озық ғылыми жетістіктер үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) Қазақстан ғылымының жаңалығына айналды. Негізгі ережелерде экономика және бизнес мүддесі үшін қазақстандық ғылымның дамуына жағдай жасау заңды түрде регламенттеледі.

Ғылымды басқарудың түбегейлі жаңа моделі құрылды. Ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың мынадай тетіктері айқындалған: базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы. Тәуелсіз сараптаманы Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы жүргізеді.

Жеті ұлттық ғылыми кеңес (бұдан әрі – ҰҒК) алқалы шешім қабылдау органы болып табылады.

2015 жылы қазақстандық ғылым мен Дүниежүзілік Банктің «Технологияларды коммерцияландыру» жобасы сәтті аяқталды. 65 ғылыми жоба іске асырылды. 6 лицензиялық келісім жасалды.

Экономиканың инновациялық дамуы ғылымның сапалы көрсеткішінің өсуін көздейді. Қазіргі уақытта ғылым, оның ішінде ғылыми гранттар мен бағдарламалардың құрылымы өндіріске инновацияларды енгізу бойынша

жұмыстарды қаржыландыру тетігі бар ИИДМБ қажеттілігіне қайта бағдарланған. Бұл бизнеспен және шетелдік ғылыми қауымдастықпен интеграциялануға әкеледі.

ҒЗТҚЖ-ны 386 ғылыми ұйым атқарады, онда 22,9 мыңнан астам ғылыми қызметкер жұмыс істейді.

Әлемдік ғылыми басылымдарға қолжетімділікті қамтамасыз ету және басылым белсенділігін арттыру мақсатында еліміздің ЖОО-лары мен ғылыми ұйымдарының ғалымдарына Clarivate Analytics, Springer, Elsevier ең ірі шетелдік компаниялардың әлемдік ақпараттық ресурстарына тегін қол жеткізу мүмкіндігі берілді.

Халықаралық рейтингтік басылымдарда қазақстандық ғалымдардың жариялау белсенділігінің едәуір өскендігі байқалады. 2017 жылы Web of Core Collection (Clarivate Analytics) деректері бойынша қазақстандық ғалымдар жарияланымдарының саны – 2 321 (2016 жылы – 2 066 бірлік), Elsevier Scopus компаниясының деректері бойынша 3 282 бірлікті (2016 жылы – 3 232 бірлік) құрайды.

Ғалымдар үшін мынадай сыйлықтар елеулі ынталандыру болып табылады: әл-Фараби атындағы Ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлық, БҒМ-нің 7 атаулы сыйлығы, мемлекеттік ғылыми стипендиялар: 50-і – жас ғалымдар үшін, 25-і – көрнекті ғалымдар үшін.

Кадр әлеуетіне қатысты жағдай тұрақтанды. 2017 жылы ғылыми-зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің жалпы саны 22,081 мыңды құрады (2015 жылы – 27,7 мың адам, 2016 жылы – 22,9 мың адам) олардың ішінде зерттеуші мамандар 17 205 адам болып табылады. Ғылыми-зерттеулер және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен айналысатын ғылым докторларының саны 1 822 адамды құрады, бейін бойынша докторлар – 380 адам, PhD философия докторы – 597 адам, ғылым кандидаттары – 4 262 адам және магистрлердің саны 3 908 адамды құрады.

Алайда соңғы үш жылда 35 жасқа дейінгі ғалымдардың саны 9 008-ден 8 816-ға дейін азайды (2015 жылы – 9 008, 2016 жылы – 8 167, 2017 жылы – 8 816).

Проблемалар:

1) ғылым мен білім беру арасында алшақтық сақталып отыр. Ғылыми нәтижелер білім беру саласына шоғырланбайды. Әлеуметтік сұрауларға қатысқан қазақстандық жұмыс берушілердің 66,3 %-ы ҒЗТҚЖ саласында ЖОО-лармен ынтымақтастық тәжірибесінің жоқтығын атап көрсетті. ЖОО-лардың ғылыми әлеуеті тиімсіз пайдаланылуда. Ведомстволарлық кедергілер, қаржыландырудың жеткіліксіздігі, жеке сектордың экономикалық ынтымақтығы болмауы білім, ғылым және өндірістің табысты интеграциясына кедергі келтіруде. Инновациялық құрылымдарды қолдаудың институционалдық нысандары қажетті деңгейде дамымаған. Ғылыми әзірлемелердің үлес салмағы дамыған елдердің деңгейінен он еседен астам

төмен. ЖОО-лар қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу әзірлемелерінің 0,1 %-ын ғана коммерцияландыруда;

2) ғылыми-зерттеу инфрақұрылымының материалдық-техникалық жарақталуы төмен күйінде қалуда;

3) ғылыми-техникалық қызметті қаржыландырудың басымдықтары көбінесе индустрияның қатысуынсыз қалыптастырылады;

4) ғылыми кәсіпкерлік нашар дамыған. Ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері бизнес үшін сұранысқа ие болмай отыр және кәсіпорындар өндірістік процестерде қолданбайды;

5) іргелі білімдерден оларды практикалық іске асыруға көшу нашар қамтамасыз етілген. Бұл қоғам мен экономика тұрғысынан ғылыми еңбек нәтижелерінің құндылығын барынша төмендетеді;

6) халықаралық ғылыми жобаларды әкімшілендіруді және бақылауды жүзеге асыратын бірыңғай оператор жоқ;

7) тәуелсіз сараптамаға тартылатын ғылыми қызметкерлердің ұлттық кәсіби қоғамдастықтары дамымаған;

8) Қазақстан дамыған елдерден ҒЗТҚЖ нәтижелерінің көрсеткіштері бойынша айтарлықтай артта қалып отыр. 5 жыл ішінде тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер шығындары 3 есе артты, алайда ЭЫДҰ елдеріне қарағанда айтарлықтай төмен;

9) Қазақстанда зияткерлік меншік құқықтарын сату Ресей мен Сингапурға қарағанда әлдеқайда төмен. Зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалатын ішкі шығындар ЭЫДҰ елдеріне қарағанда 14 есе төмен;

10) ғылыми зерттеулерді іске асыру мониторингінің кешенді жүйесі жоқ;

11) Қазақстанның білім және ғылым саласында икемсіз мемлекеттік бақылау жүйесі жұмыс істейді;

12) мемлекеттік бақылау рәсімдері төрешілдікке бой алдырған (15 НҚА-ның 551 параметріне міндетті түрде сәйкес болу);

13) бақылау іс-шараларының жүйелендірілген ақпараттық деректер базасы жоқ. Бұл білім беру ұйымдары қызметінің мониторингі мен талдауын шектейді;

14) білім беру ұйымдарын іштей және сырттай бағалаудың арасында айтарлықтай алшақтық бар. Өзін-өзі бағалау бойынша 100 %-ы өздерінің қызметтерін қанағаттанарлық деп санайды. Бұл ретте балабақшаның 58 %-ы, мектептің 59 %-ы, колледждің 11 %-ы, ЖОО-ның 46 %-ы мемлекеттік аттестаттаудан өтеді;

15) ҒЗЖ нәтижелерінің сапасын, тиімділігі мен мониторингін бағалаудың бірыңғай әдістемесі жоқ.

Білім беру саласындағы жаңа міндеттер бақылау және бағалау жүйесін жетілдіруді, оның ішінде Ofsted үздік тәжірибесін зерделеуді және енгізуді талап етеді.

Осылайша білім мен ғылым саласында іске асырылған қадамдық іс-қимылдарды талдау мыналарды айқындайды:

1. Күшті жақтары:

- 1) білім мен ғылымның заңнамалық базасының жаңартылуы;
- 2) инфрақұрылымдық шешімдердің жеделдетілген қарқыны;
- 3) МЖӘ-нің дамуы;
- 4) НЗМ мен Назарбаев Университеті тәжірибесінің таратылуы;
- 5) білім сапасының халықаралық рейтингтердегі орнының жақсаруы;
- 6) педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесінің қайта құрылымдалуы;

7) ТжКБ жүйесінде дуальді оқыту элементтерінің енгізілуі;

8) ЖОО-лардың академиялық еркіндігінің кеңейтілуі;

9) инновациялық жобаларда ЖОО ғылымының көбеюі;

10) ОПҚ мен ғалымдардың жариялау белсенділігінің өсуі;

11) Назарбаев Университетінің және Инновациялық технологиялар паркі базасында зияткерлік кластерлердің дамытылуы.

2. Әлсіз жақтары:

1) педагог пен ғалым мәртебесінің төмендігі;

2) мектепке дейінгі жоғары арнайы білімі бар педагогтердің тапшылығы;

3) ағылшын тілінде жаратылыстану-математикалық циклі (бұдан әрі – ЖМЦ) пәндерін оқытатын мұғалімдер үлесінің төмендігі;

4) үш ауысымды және авариялық жағдайдағы мектептердің болуы;

5) оқушылардың қосымша білім берумен жеткіліксіз қамтылуы;

6) мектеп оқушыларының функционалды сауаттылық деңгейінің төмендігі;

7) мектептерді ақпараттандыру деңгейінің төмендігі;

8) ҰБТ-ның жетілдірілмеуі;

9) мектептердің нәтижелерін теңестіру тетіктерінің жоқтығы;

10) мектептердегі кәсіби бағдарланған жұмыстың жеткіліксіздігі;

11) ТжКБ беделінің төмендігі;

12) жұмыс берушілердің кәсіптік даярлық деңгейін бағалауының заңнамалық нормаларының жоқтығы;

13) өндірісте жұмыс тәжірибесі бар инженер-педагог кадрлардың тапшылығы;

14) ТжКБ жүйесінің сапасын растау тетіктерінің жоқтығы;

15) инклюзивті білімнің жеткіліксіз дамуы;

16) педагог кадрларды даярлау сапасының жеткіліксіздігі;

17) коммерцияландыруға мамандандырылған кадрлардың тапшылығы;

18) ЖОО-лардың инновациялық құрылымдарының өңірлік сәйкессіздігі;

19) төмен патенттік белсенділік пен ЖОО-дағы ОПҚ-ның жоғары жариялау белсенділігінің арасындағы теңгерімсіздік;

20) шетелдік азаматтар үшін жоғары және ЖОО-дан кейінгі білімнің тартымсыздығы;

21) білім мен ғылымдағы менеджмент деңгейінің жоғары еместігі;

22) білім беру бағдарламаларының мазмұнын әзірлеуге жұмыс

берушілердің қатысу деңгейінің төмендігі;

23) білім мен ғылым ұйымдарының материалдық-техникалық базасының әлсіздігі.

3. Мүмкіндіктер:

мемлекет үшін:

1) қазақстандық білім мен ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

2) адами капиталдың сапасын арттыру;

3) балалардың өмір сүру сапасының әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету;

4) халықаралық ұйымдар мен жұмыс берушілер тарапынан білім мен ғылымды инвестициялық қолдау;

5) білім мен ғылым саласындағы басқарудың жаңа тиімді әдістері;

6) білім беру және ғылым саласының қолжетімділігі, тартымдылығы, сапасы және ашықтығы;

7) халықаралық рейтингтердегі көрсеткіштерді жақсарту;

8) ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру;

9) әзірленген инновациялық жобаларды өндіріске енгізу.

4. Қауіп-қатер:

1) педагог еңбегін ынталандырудың төмендігі;

2) ғалымдар үшін шетелде жұмыс істеу жағдайларының барынша тартымды болуы;

3) педагог кадрлардың арасында өздігінен білім алуға және кәсіби өсуге ұмтылыс деңгейінің төмендігі;

4) білім беру объектілерін пайдалануға енгізу мерзімдерінің бұзылуы.

Бағдарлама шеңберінде жоспарланған шаралар жүйенің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оны ЭЫДҰ елдерінің үздік тәжірибесіне жақындату перспективасымен білім және ғылым жүйесін одан әрі жаңғырту үшін аталған проблемаларды шешуге ықпал ететін болады.

Адамгершілігі жоғары және өз Отанының патриоттарын тәрбиелеу жөніндегі шаралар «Өлкетану», «Отаным-тағдырым», «Саналы Азамат», «Кітап – білім бұлағы» деген 4 бағыттан тұратын «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының «Туған жер» арнайы жобасы шеңберінде жүргізілетін болады. Жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) барлық бағыттарда жобаны іске асыру жөнінде жүйелі жұмыстар ұйымдастырады.

4. Бағдарламаны іске асырудың мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және нәтижелерінің көрсеткіштері

Мақсаты: экономиканың орнықты дамуы үшін білім берудің және ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту.

4.1-мақсат: мектепке дейінгі сапалы тәрбиелеу мен оқытуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ету

Нысаналы индикатор:

Р/с №	Индикатор	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту							
1.	Мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтылған 3-6 жастағы балалардың үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	-	87,5	100	ЖАО

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

1. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагог кадрларының сапалық құрамын жақсарту және педагог кәсібінің беделін арттыру

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша жоғары және техникалық-кәсіптік білімі бар мектепке дейінгі ұйымдардың педагог қызметкерлерінің үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	34,8	40	50	ЖАО, БҒМ

2. Демографиялық жағдайды ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдардың желісін ұлғайту

Р/с №	Көрсеткіш	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1.	Мектепке дейінгі ұйымдардың барлық түрлерінің жалпы санынан толық күн болатын мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	73,1	79,5	85,0	ЖАО, БҒМ
2.	Ұсынылған орындардың жалпы санынан жекеменшік	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	19,5	28,2	35	ЖАО

	мектепке дейінгі ұйымдардағы орындардың үлесі						
3.	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін жағдай жасаған мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	9,1	15	30	ЖАО, БҒМ

3. Балаларды мектепке сапалы дайындауға бағдарланған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жаңарту

Р / с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1.	Мектепке дейінгі жастағы балалардың дағдысы мен машығының даму индикаторлары жүйесіне сәйкес машығы мен дағдысының деңгейі жоғары және орта 5-6 жастағы балалардың үлесі	%	ЖАО-ның есептік ақпараты	-	60	80	ЖАО, БҒМ

4. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту менеджментін және даму мониторингін жетілдіру

Р / с	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1.	Мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына арналған менеджмент саласында біліктілікті арттыру курстарының жаңартылған білім беру	%	«Өрлеу» АҚ-ның есептік ақпараты	50	75	100	БҒМ, ЖАО

	бағдарламаларының үлесі						
2.	Аттестаттауға жататын мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан аттестаттаудан өткен мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі	%	БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ресми деректері	83	85	87	ЖАО
3.	Мемлекеттік балабақшалар басшыларының жалпы санынан менеджмент саласында біліктілікті арттыру курстарынан өткен мемлекеттік балабақшалар басшыларының үлесі	%	«Өрлеу» АҚ-ның есептік ақпараты	-	-	21,5	БҒМ, ЖАО
4.	Электрондық үкімет порталы арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен қамтылған мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	-	-	80	ЖАО БҒМ,

4.2-мақсат: сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету және зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру.

Нысаналы индикаторлар:

Р/с №	Индикатор	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
Орта білім және балалардың құқықтарын қорғау							
1.	НЗМ тәжірибесі бойынша жаңартылған білім беру мазмұнына	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	-	100	100	ЖАО

	өткен мектептердің үлесі (2016 жылы – 1-сынып; 2017 жылы – 2, 5, 7-сыныптар; 2018 жылы – 3, 6, 8-сыныптар; 2019 жылы – 4, 9, 10-сыныптар; 2020 жылы – мектепалды топтары мен сыныптары, 11-сынып						
2.	Қазақстандық оқушылардың халықаралық зерттеулердегі ЭЫДҰ мойындаған нәтижелері	балл	ЭЫДҰ-ның ресми деректері	-	PISA-2015: математика – 440, жаратылыстану – 430, оқу – 400	PISA-2018: математика – 465, жаратылыстану – 460 оқу – 434; ICILS-2018: 8-сынып оқушыларының компьютерлік және ақпараттық сауаттылығы – 350	БҒМ
3.	Балалардың жалпы санынан өмірлік қиын жағдайда жүрген балалардың үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері, республикалық деректер банкінің	-	-	10	ЖАО БҒМ

			деректері				
--	--	--	-----------	--	--	--	--

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

1. Педагог кәсібінің беделін және олардың сапалық құрамын арттыру

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орын даушылар
1.	Педагог қызметкерлердің жалпы санындағы жас педагог қызметкерлердің үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	2,7	3,0	3,5	ЖАО
2.	Педагог қызметкерлердің жалпы санындағы бірінші және жоғары санаты бар педагог қызметкерлердің үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	49,8	52	54	ЖАО
3.	Орта білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің жалпы санындағы жаңартылған мазмұн бойынша біліктілігін арттырудан өткен орта білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің үлесі	%	«Өрлеу» АҚ-ның есептік ақпараты	-	25,7	25,2	БҒМ, ЖАО

2. Орта білім берудің инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз ету

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орын даушылар
1.	Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мектептердің үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	30	55	70	ЖАО, БҒМ
2.	Keң жолақты интернетпен	%	БҒМ-нің әкімшілік	-	-	95	ЖАО, БҒМ

	қамтамасыз етілген мектептердің үлесі (4 Мбит/с және одан да жоғары)		деректері				
--	--	--	-----------	--	--	--	--

3. Орта білім берудің мазмұнын жаңарту

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1.	Жаңартылған білім беру мазмұнымен қамтылған балалардың үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	-	36,4	95,4	ЖАО
2.	Қазақстандық оқушылардың ОЖСБ-дағы нәтижелері	балл	БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ресми деректері	9-сынып – 37,4 балл	4-сынып – кемінде 20 балл, 9-сынып – кемінде 55 балл	4-сынып – кемінде 25 балл, 9-сынып – кемінде 60 балл 11-сынып кемінде 50 балл	ЖАО БҒМ
3.	Білім беру процесінде АКТ-ны (электрондық журналдар мен күнделіктерді) қолданатын мектептердің үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	-		95	ЖАО
4.	Білім беру процесінде электрондық ресурстарды (цифрлық білім беру ресурстарын, электрондық сабақтарды және т.б.) қолданатын	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	-	-	100	ЖАО

	мектептердің үлесі						
--	--------------------	--	--	--	--	--	--

4. Мектеп оқушыларының бойында «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту шеңберінде рухани-адамгершілік құндылықтарды және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. Бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1	Қосымша білім берумен қамтылған оқушылардың үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	61	68	80	ЖАО
2	Жалпы білім беретін мектептердегі спорттық секциялармен, оның ішінде республикалық балалар-жасөспірімдер спорттық жарыстарымен (оқушылар Спартакиадасы және т.б.) қамтылған білім алушылардың үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	27,3	28	38	ЖАО, БҒМ
3	Балалар мен жасөспірімдер қозғалыстарымен, оның ішінде «Жас ұлан», «Жас қыран» қозғалыстарымен қамтылған оқушылардың үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	40	48	66	ЖАО, БҒМ, МСМ
4	«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасын іске асыру шеңберінде іс-шараларға қатысқан оқушылардың үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	-	-	100	ЖАО, БҒМ, МСМ

5. Орта білім беру менеджментін және даму мониторингін жетілдіру

Р/с	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. Бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындау
-----	-------------------------	------------	--------------	--------------	------	------	-----------------

№							шылар
1	Қамқоршылық кеңестер құрған мектептердің үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	61,1	62	98	ЖАО
2	Орта білім беру ұйымдарының басшыларына арналған менеджмент саласында біліктілікті арттыру курстарының жаңартылған білім беру бағдарламаларының үлесі	%	«Өрлеу» АҚ-ның есептік ақпараты	60	80	100	БҒМ, ЖАО
3	Электрондық үкімет порталы арқылы автоматтандырылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге көшкен мектептердің үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері, АҚМ ақпараты	-	-	50	БҒМ, ЖАО

6. Өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар үшін арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетудің қолжетімділігін қамтамасыз ету

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1	Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына түскен балалардың жалпы санындағы әлеуметтік бейімдеуден өткен және отбасыларға берілген қадағалаусыз және панасыз қалған балалардың үлесі	%	республикалық деректер банкінің деректері	-	-	89	ЖАО БҒМ
2	Отбасыға	%	республика	-	-	68	ЖАО,

	орналастырумен қамтамасыз етілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қайта анықталған балалардың жалпы санындағы үлесі		калық деректер банкінің деректері				БҒМ
3.	Жазғы демалыс пен сауықтырудың ұйымдастырушылық нысандарымен қамтылған өмірлік киын жағдайда жүрген балалардың аталған санаттағы балалардың жалпы санындағы үлесі	%	республикалық деректер банкінің деректері	-	-	73	ЖАО БҒМ

4.3-мақсат: техникалық және кәсіптік білім алу үшін жағдайлар жасау арқылы жастарды әлеуметтік-экономикалық интеграциялау.

Нысаналы индикатор:

Р/с №	Индикатор	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
Техникалық және кәсіптік білім							
1.	Жұмыспен қамтылған халықтың құрылымында техникалық және кәсіптік білімі бар 18-28 жастағы азаматтардың үлесі	%	ҰЭМ СК-нің жалпы мемлекеттік статистикасы	-	-	41,4	БҒМ, ҰЭМ

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

1. ТЖКБ жүйесінің беделін арттыру

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына	%	БҒМ-нің әкімшілік	-	-	24,5	ЖАО, БҒМ

	мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қабылданған студенттер санының өсуі (2016 жылы – 79895 студент)		деректері				
--	--	--	-----------	--	--	--	--

2. ТЖКБ қолжетімділігін және кадрларды даярлау сапасын қамтамасыз ету

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1	Мемлекеттік колледждердің заманауи оқыту жабдығымен жаратқандырылған оқу-өндірістік шеберханаларының, зертханаларының және арнайы пәндер кабинеттерінің үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	40,7	41,6	50	ЖАО
2	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттер үшін тең жағдай мен кедергісіз қолжетімділік жасаған ТЖКБ ұйымдарының үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	15	25	40	ЖАО
3	Біліктілікті арттырудан, оның ішінде ІТ құзыреттіліктері бойынша өткен мемлекеттік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің және оларға теңестірілген адамдардың үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	-	-	20	БҒМ, «Кәсіп-қор» холдингі» КеАҚ (келісім бойынша)

3. Елдің индустриялық-инновациялық даму сұраныстарын ескере отырып, ТжКБ мазмұнын жаңарту

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіші	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1.	Бекітілген кәсіптік стандарттар негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларымен қамтамасыз етілген ТжКБ мамандықтарының үлесі	%	БҒМ-нің есептік ақпараты	-	-	56	БҒМ, «Кәсіп-қор» холдингі» КеАҚ (келісім бойынша) Еңбек-мині
2.	Модульдік-құзыреттілік тәсілді ескере отырып, жаңартылған үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларының үлесі	%	БҒМ-нің есептік ақпараты	-		100	БҒМ, «Кәсіп-қор» холдингі» КеАҚ (келісім бойынша)
3.	Дуальді оқытудың негізгі қағидаттарын енгізген колледждердің үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	-		62	ЖАО, БҒМ, Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (ҰКП) (келісім бойынша)

4. ТжКБ ұйымдарының білім алушыларының бойында «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін нығайту

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіші	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1.	Қоғамдық пайдалы қызметке (волонтерлік, жастар	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	30	40	60	ЖАО

	ісі жөніндегі комитеттер қызметіне қатысу және т.б.) тартылған ТЖКБ ұйымдарындағы білім алушылардың үлесі						
2.	Спорттық секциялармен қамтылған ТЖКБ ұйымдарындағы білім алушылардың үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	40	60	70	ЖАО
3.	«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасын іске асыру шеңберінде іс-шараларға қатысқан ТЖКБ ұйымдарының үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	-	-	60	ЖАО

5. ТЖКБ менеджментін және даму мониторингін жетілдіру

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1.	«Кәсіпқор» холдингі» КеАҚ-ның үздік тәжірибесін енгізген мемлекеттік колледждердің үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	-	9,2	31	БҒМ, «Кәсіпқор» холдингі» КеАҚ (келісім бойынша)
2.	Менеджмент саласында біліктілікті арттырудан өткен мемлекеттік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары басшыларының үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері БҒМ-нің есептік ақпараты	-	-	7,1	БҒМ, «Кәсіпқор» холдингі» КеАҚ (келісім бойынша)

4.4-мақсат: экономика салаларын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар бәсекеге қабілетті кадрлармен қамтамасыз ету.

Нысаналы индикаторлар:

Р/с №	Индикатор	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім							
1.	Жұмыспен қамтылған халықтың құрылымында жоғары білімі бар 22-28 жастағы азаматтардың үлесі	%	ҰЭМ СК-нің статистикалық есептілігі	-	-	45,9	БҒМ
2.	QS-WUR рейтингінде атап өтілген Қазақстан ЖОО-ларының саны топ-200 топ-300 топ-500 топ-701+	бірл.	QS-WUR ресми ақпараты	0 1 1 7	0 2 2 7	2 2 3 9	БҒМ, ДСМ, МСМ, АШМ, БПАҰО (келісім бойынша) ЖОО (келісім бойынша)

Міндеттерге қол жеткізу мынадай көрсеткіштермен өлшенеді:

1. Бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1.	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыстың жалпы көлемінен магистратура мен докторантураға арналған мемлекеттік білім беру	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	-	-	25	БҒМ

	тапсырысының үлесі						
2.	Жоғары білім беру жүйесіндегі шетелдік студенттердің, оның ішінде коммерциялық негізде білім алушылардың үлесі	%	ҰЭМ СК-нің «ҚР жоғары оқу орындары» статистикалық бюллетені	2,5	3	5	БҒМ, ДСМ, АШМ, МСМ, ЖОО (келісім бойынша)
3.	Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерді оқыту үшін тең жағдайлар мен кедергісіз қолжетімділік жасаған ЖОО-лардың үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	12	25	100	БҒМ, ЖОО (келісім бойынша)

2. Әлемдік үрдістер аясында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1.	Жаңа білім беру бағдарламаларының, оның ішінде шетелдік сарапшылармен бірлесіп ИИДМБ шеңберінде әзірленген білім беру бағдарламаларының саны	бірл.	БҒМ-нің әкімшілік деректері	24	48	72	БҒМ, ИДМ, ЖОО (келісім бойынша)
2.	Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша халықаралық еуропалық желілердің толық мүшесі болып табылатын және білім беру саласындағы	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	-		93	БҒМ, ЖОО (келісім бойынша)

уәкілетті органның тізіліміне енгізілген агенттіктерде халықаралық аккредиттеуден өткен қазақстандық ЖОО-лардың үлесі							
---	--	--	--	--	--	--	--

3. ЖОО-лардың білім алушыларының бойында «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін нығайту

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1	Қоғамдық пайдалы қызметке тартылған ЖОО студенттерінің үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	17	25	45	БҒМ, ЖОО (келісім бойынша)
2	Ұлттық студенттер лигасына қатысатын ЖОО-лар үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	22,5	45	72	БҒМ, ЖОО (келісім бойынша)
3	«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасын іске асыру шеңберінде іс-шараларға қатысқан ЖОО-лардың үлесі	%	ЖОО-лардың есептік деректері	-	-	100	БҒМ, ЖОО (келісім бойынша)

4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің менеджменті мен даму мониторингін жетілдіру

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1	ЖОО-лардың жалпы санындағы корпоративтік басқару органдары (байқау кеңестері, қамқоршылық кеңестер және директорлар кеңесі)	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	72	80	95	БҒМ, ЖОО (келісім бойынша)

	жұмыс істейтін азаматтық ЖОО-лардың үлесі						
2	Назарбаев Университетінің тәжірибесін енгізіп жатқан азаматтық ЖОО-лардың үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	22	36	50	БҒМ, ЖОО (келісім бойынша)

4.5-мақсат: ел экономикасының қарқынды әртарпадануы және тұрақты дамуы үшін ғылымның нақты үлесін қамтамасыз ету.

Нысаналы индикаторлар:

Р/с №	Индикатор	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
ҒЫЛЫМ							
1	ҒЗТКЖ-ны қаржыландырудың жалпы көлеміндегі тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге жұмсалатын шығындардың үлесі	%	ҰЭМ СК	19,1	21,2	22,3	БҒМ
2	Қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы санындағы коммерцияландырылатын жобалардың үлесі	%	БҒМ-нің есептік ақпараты	16,7	17,5	20	БҒМ

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

1. Ғылымның ел экономикасын дамытуға қосатын үлесін ұлғайту

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1.	ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын шығындардың жалпы көлеміндегі бизнес шығыстарының үлесі	%	статистикалық деректер	21,8	23	25	БҒМ, ғылыми ұйымдар (келісім бойынша), ЖОО (келісім)

							бойынша), ИМ, ИДМ, АШМ, ДСМ, ЭМ, ҚАӨМ, Қорған- нысмині, МСМ, АКМ, ҰЭМ, ЖАО
2.	Қорғау құжаттарының және авторлық куәліктердің, сондай-ақ инновациялық патенттердің 2016 жылғы жалпы санынан өсуі (1270 бірлік)	бірл.	БҒМ-нің есептілік ақпараты	-	-	1350	БҒМ, Әділетми ні, ИМ, ИДМ, АШМ, ДСМ, ЭМ, ҚАӨМ, Қорғанымині, МСМ, ҰЭМ, АКМ, ЖАО
3.	ИИДМБ ЖОО-ларының жалпы табысындағы инновациялық және ғылыми қызметтен түсетін табыс үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	8	10	15	БҒМ, ЖОО (келісім бойынша), АШМ

2. Ғалымның ғылыми әлеуетін және мәртебесін нығайту

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1.	Зерттеушілердің 2014 жылғы жалпы (18 930 адам) санындағы зерттеушілер санының өсуі	%	БҒМ-нің есептік ақпараты	3,4	10,2	18	БҒМ, ғылыми ұйымдар (келісім бойынша), ЖОО (келісім

							бойынша)
2.	Жарияланымдардың 2014 жылғы жалпы (2784 бірлік) санындағы халықаралық журналдардағы жарияланымдар санының өсуі (Web of Science Core Collection және Scopus деректер базасы бойынша)	%	Web of Science Core Collection және Scopus деректерінің деректер базасы	0	12	20	БҒМ, ғылыми ұйымдар (келісім бойынша), ЖОО (келісім бойынша)
3.	Жарияланымдардың 2014 жылғы жалпы санындағы Web of Science Core Collection (Clarivate Analytics) базасындағы жарияланымдардан дәйексөз келтіру деңгейі (1245 бірлік)	%	Clarivate Analytics ресми деректері	25	35	50	БҒМ, ғылыми ұйымдар (келісім бойынша), ЖОО (келісім бойынша)

3. Ғылымның инфрақұрылымын жаңғырту

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1.	Жоғары білім беру ұйымдарындағы және ҒЗИ-лардағы енгізу бөлімшелерінің саны	бірл.	БҒМ-нің әкімшілік деректері, БҒМ-нің есептік ақпараты	43	76	109	БҒМ, ЖОО (келісім бойынша), ҒЗИ (келісім бойынша)
2.	ҒЗТҚЖ-ны іске асыратын мемлекеттік ЖОО-лар мен ҒЗИ-лардың жаңартылған ғылыми жабдықтарының үлесі	%	БҒМ-нің есептік ақпараты	10	12	15	БҒМ, ИДМ, ДСМ, ҚАӨМ, АШМ, ЭМ, МСМ, Еңбек-мині,

							МҚІСҚА (келісім бойынша), ЖАО
3.	Коммерцияландыру офистерін, технопарктер, бизнес-инкубаторлар құрған азаматтық ЖОО-лардың үлесі	%	БҒМ-нің әкімшілік деректері	13	15	30	БҒМ, ЖОО (келісім бойынша)

4. Ғылым менеджментін және даму мониторингін жетілдіру

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2019	Жауапты орындаушылар
1.	Қолданбалы зерттеулердің (жобалар) жалпы санындағы жоғары және орташа тиімді жобалардың үлесі	%	БҒМ-нің есептік ақпараты	59,9	69,9	75	БҒМ, ғылыми ұйымдар (келісім бойынша), ЖОО (келісім бойынша), АШМ, ДСМ
2.	Ғылыми ұйымдардың және ғалымдардың ғылыми-техникалық қызметін рейтингтік бағалауға сәйкес ғылыми ұйымдар қызметі тиімділігінің өсуі	%	БҒМ-нің есептік ақпараты	5	7	10	БҒМ, ғылыми ұйымдар (келісім бойынша), ЖОО (келісім бойынша)

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
Орта білім және балалардың құқықтарын қорғау
Техникалық және кәсіптік білім
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім
Ғылым

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту

Мақсаты: Мектепке дейінгі сапалы тәрбие мен оқытуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Нысаналы индикатор: Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған 3-6 жастағы балалардың үлесі

Міндеттер:

1. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагог кадрларының сапалық құрамын жақсарту және педагог кәсібінің беделін арттыру.

2020 жылға қарай мектепке дейінгі ұйымдардағы мамандандырылған жоғары, техникалық және кәсіптік білімі бар педагогтердің үлесін 50 %-ға дейін арттыру жоспарлануда.

Аталған көрсеткішке қол жеткізу үшін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша ЖОО-лар мен колледждерде педагог кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыс жыл сайын ұлғаятын болады (2015 жылы колледждерге 1 805 грант, ЖОО-ларға 295 грант бөлінді, 2019 жылы колледждерге 2 200 грантқа, ЖОО-ларға 350 грантқа дейін бөлінеді).

Жыл сайын мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы 7000-ға жуық педагог бюджет қаражаты есебінен біліктілікті арттыру курстарынан өтетін болады. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері жыл сайын бюджеттен тыс қаражат есебінен біліктіліктерін арттырады.

Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасына жазу және оқу бойынша сабақты енгізуге байланысты 2020 жылдан бастап тәрбиешілердің лауазымдық айлықақысына қосымша ақы белгілеу мәселесі пысықталатын болады. Сондай-ақ 2019 жылдан бастап тәрбиешілерді педагогтерді аттестаттаудың жаңа жүйесіне қосымша ақы белгілей отырып қосу жоспарлануда.

2. Демографиялық жағдайды ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдардың желісін ұлғайту

Мектепке дейінгі ұйымдар демографиялық жағдайды ескере отырып, сандық жағынан да, сапалық жағынан да дамиды, халықтың сұранысын қанағаттандыруға бағдарланады.

2020 жылға қарай 189,9 мың жаңа орын (2017 жылы – 68,1 мың, 2018 жылы – 64,7 мың, 2019 жылы – 57,1 мың) ашылады, бұл балаларды, оның ішінде тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту көрсеткішін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл орындар жергілікті бюджет қаражаты және МЖӘ тетіктері есебінен мектепке дейінгі ұйымдардың желісін кеңейту (1-қабаттарда ашу, бұрын жекешелендірілген балабақшаларды қайтару, жалға берілген коммуналдық меншіктегі жеке тұрған ғимараттарды босату, өзге де жарамды ғимараттарды беру, жекеменшік балабақшалар мен шағын орталықтарды ашу және т.б.) есебінен қамтамасыз етіледі.

Бұл ретте толық күн болатын мектепке дейінгі ұйымдардың желісі ұлғаятын болады.

МЖӘ-нің артықшылығы туралы белсенді және мақсатқа бағытталған жұмыс пен мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар желісінің айтарлықтай өсуін қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызмет көрсету туралы МЖӘ жобаларын іске асыру қызмет көрсетудің белгілі бір көлемін мемлекеттің жеке әріптестен сатып алуы түрінде жергілікті атқарушы органдар мен мектепке дейінгі жекеменшік ұйымдар арасында шарт жасасу арқылы жүзеге асырылатын болады. Ол үшін МЖӘ үлгілік шарты әзірленеді.

Шарт шеңберінде жергілікті атқарушы органдар жекеменшік мектепке дейінгі ұйымда кемінде 3 жыл мерзімге мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту қызметін тұтыну бойынша мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуге кепілдік береді.

Жекеменшік мектепке дейінгі ұйым МЖӘ жобасы шеңберінде мемлекеттік қолдауды тек балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бойынша қызмет көрсету үшін ғана пайдалануға міндетті.

Балабақшаларға орналастыру процесін автоматтандыру бойынша жұмыстар жалғастырылады.

3. Балаларды мектепке сапалы дайындауға бағдарланған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жаңарту.

2017 жылдан бастап барлық мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдарында қазақ, орыс және шет тілдері оқытылатын көптілді білім беру бағдарламасының элементтері кезең-кезеңімен енгізілетін болады.

2019 жылдан бастап балаларды ерте жастан дамыту үшін әлеуметтік дағдыларды және өздігінен білім алу дағдыларын дамытатын бірыңғай стандарттар енгізіледі.

2017 жылға қарай мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың білігі мен дағдысының дамуын қадағалайтын индикаторлар жүйесі әзірленеді және енгізіледі.

Диагностика оқу жылының басында, ортасында және соңында (бастапқы, аралық және қорытынды бақылау) жүргізіледі, нәтижелері «Бақылау парағына» толтырылатын болады. Алынған деректер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады.

Оқу-әдістемелік кешендер (бұдан әрі – ОӘК), оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін кемістіктердің 8 түрі бойынша арнайы бағдарламалар әзірлеу және енгізу жұмыстары жалғастырылады.

2019 – 2020 оқу жылынан бастап 6 жастағы балалардың мектепалды даярлығы 1-сыныпқа ауыстырылатын болады.

2017 жылдан бастап «Отбасы.kz» порталы арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды күту мен дамыту бойынша ата-аналарды қашықтан оқыту тетігі сынақтан өткізіледі және енгізіледі (жыл сайын әр өңірде мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын 1-6 жастағы балалардың ата-анасы кемінде 2 мың).

4. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту менеджментін және даму мониторингін жетілдіру

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметіне бақылауды күшейтуге және мектепке дейінгі білім беру саласы субъектілерінің жауапкершілігін арттыруға бағытталған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласында қызметті бастау және тоқтату туралы хабарлама тәртібі одан әрі жетілдіріледі.

Жыл сайын мектепке дейінгі ұйымдардың 20 %-ы ұсынылатын білім беру қызметтерінің мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында мемлекеттік аттестаттау рәсімінен өтеді.

Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде профилактикалық бақылау тетігін ендіру мәселесі пысықталатын болады.

Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес білім жетістіктерін бағалау жүйесін жетілдіру жұмысы жалғастырылады.

Жыл сайын мектепке дейінгі ұйымдардың 20 % басшылары менеджмент саласында біліктілікті арттыру курстарынан өтетін болады. Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларына білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында көшбасшылық қасиеттерді дамыту бойынша басқарудың инновациялық нысандары енгізілетін болады.

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиеленушілерінің бойында тамақтану мәдениетін қалыптастыру, оның ішінде теңгерімді пайдалы тамақты насихаттау және олардың табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуын қамтамасыз ету арқылы қалыптастыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Орта білім және балалардың құқықтарын қорғау

Мақсаты: сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету және зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру.

Нысаналы индикаторлар:

1) НЗМ тәжірибесі бойынша жаңартылған білім беру мазмұнына өткен мектептердің үлесі, 2016 жылы – 1-сынып; 2017 жылы – 2, 5, 7-сыныптар; 2018 жылы – 3, 6, 8-сыныптар; 2019 жылы – 4, 9, 10-сыныптар, 2020 жылы – (мектепалды топтары мен сыныптары), 11-сынып;

2) қазақстандық оқушылардың халықаралық зерттеулердегі ЭЫДҰ мойындаған нәтижелері: 2017 жылы – PISA-2015: математика – 440 балл, жаратылыстану – 430 балл, оқу – 400 балл; 2019 жылы – PISA-2018: математика – 465 балл, жаратылыстану – 460 балл, оқу – 434 балл; ICILS-2018: 8-сынып оқушыларының компьютерлік және ақпараттық сауаттылығы – 350 балл;

3) балалардың жалпы санындағы өмірлік қиын жағдайда жүрген балалардың үлесі, 2019 жылы – 10 %.

Міндеттер:

1. Педагогтер кәсібінің беделін және олардың сапалық құрамын арттыру.

Педагогтерге қойылатын талаптарды күшейту бойынша шаралар қарастырылуда. Өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру педагог қызметінің ажырамас бөлігіне айналады.

Біліктілікті арттыру курстары білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен білім беру бағдарламалары бойынша, оның ішінде 2019 жылдан бастап қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып жүргізілетін болады.

2018 жылы студенттердің нормативтік оқу жүктемесін азайту үшін үлгілік оқу жоспарлары қайта қаралатын болады.

2018 жылдан бастап жаңартылған мазмұн бойынша сабақ беретін мұғалімдердің лауазымдық айлықақысы 30 %-ға өсетін болады.

2018 жылы ұлттық біліктілік тест нәтижелері бойынша санатты беру және/немесе растау кезінде педагогикалық шеберлік үшін мұғалімнің лауазымдық айлықақысына қосымша ақының жаңа желісі (30 %-дан 50 %-ға дейін) енгізіледі.

Ағылшын тілінде сабақ беретін мұғалімдердің жалақысына қосымша ақы көзделетін болады.

Қазақстандық мұғалімдер TALIS зерттеулеріне қатысады, оның нәтижелері бойынша еліміздегі мұғалімдер корпусының сапалық құрамын жақсарту бойынша ұсынымдар әзірленетін болады.

Жаңартылған білім беруге көшуді ескере отырып, жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының мазмұны жаңғыртылады.

2017 – 2018 оқу жылынан бастап жаратылыстану-математика бағытындағы 4 педагогикалық мамандық бойынша педагог кадрлар даярлауды жүзеге асыратын 15 базалық ЖОО-да ЖОО-ларға арналған білім беру бағдарламаларын, оқулықтар мен ОӘК әзірлеу арқылы ағылшын тілінде оқытуға көшу жүзеге асырылатын болады.

Мектептер үшін мұғалімдерді іріктеу кезінде «білім беру магистрі» дәрежесі бар мамандар кеңінен тартылатын болады.

Мектеп педагогтерін кәсіби дамыту орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курстары шеңберінде жалғастырылатын болады.

Жас мұғалімдердің кәсіби қалыптасуына көмек көрсету мақсатында мектептерде жас маманның бойында педагогикалық қызметпен айналысу үшін қажетті дағдылар мен іскерліктерді дамыту бойынша тәжірибелі мұғалімнің жүйелі жеке жұмысын көздейтін тәлімгерлік жүйені қайта жаңғырту мәселесі пысықталатын болады. Ол пән мамандығы мен оқыту әдістемесі саласындағы жас маманның бойындағы бар білімді терең және жан-жақты дамытуға бағытталған.

2. Орта білім берудің инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз ету.

Авариялық жағдайдағы мектептердің орнына, сондай-ақ үш ауысымды мектептер мен орын тапшылығын жою үшін мектеп салу республикалық және

жергілікті бюджеттер, жекеменшік мектептер және МЖӘ тетігі есебінен жүзеге асырылатын болады.

Авариялық жағдайдағы және үш ауысымды мектептердің мониторингі тұрақты түрде жүргізіліп отыратын болады.

Жергілікті бюджет қаражаты және МЖӘ тетігі есебінен моноқалаларда білім беру инфрақұрылымын дамыту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Мектептер желісін, оның ішінде жеке меншік мектептерді дамыту мақсатында, сондай-ақ білім беру нысандарын салуға және күтіп ұстауға жұмсалатын бюджет шығыстарының тиімділігін арттыру мақсатында артық талаптарды алып тастау бөлігінде мектептердің СанЕжН және ҚНЖЕ қайта қарастырылатын болады.

Жергілікті бюджет және МЖӘ қаражаты есебінен мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту жалғастырылады.

Мектептегі білім беруді ақпараттандыру МЖӘ тетігі арқылы білім беру процесіне ақпараттық технологияларды одан әрі енгізу шеңберінде жүзеге асырылатын болады. Мектептер электронды журналдар мен күнделіктер жүйелеріне қосылатын болады.

Тұрғылықты жеріне (қала немесе ауыл) қарамастан білім алушылардың деңгейі, сондай-ақ барлық білім беру деңгейіндегі оқытушылар арасындағы деңгей теңестірілетін болады. Білім беру процесін жаңғырту жылдамдығы айтарлықтай өседі.

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған балалардың жекелеген санаттары арасынан оқушыларды дәруменді тегін ыстық тамақпен қамту бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды инклюзивті ортада қолдау қамтамасыз етіледі.

Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің желісі 2019 жылы 149 бірліктен 185 бірлікке және психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер 58 бірліктен 85 бірлікке дейін кеңейтіледі.

Орта білім беру ұйымдарындағы педагогикалық кеңестер алдын алу, түзету-психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік іс-шараларды айқындау үшін танымдық қызметті дамытудың деңгейі мен ерекшелігін анықтайды, оқушының (тәрбиеленушінің) эмоционалды-ерікті және тұлғалық дамуын зерделейді, оқушымен (тәрбиеленушімен) тікелей жұмыс істейтін педагогтер арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастырады.

ШЖМ проблемаларын шешу үшін балаларды мектепке және мектептен үйге дейін тасымалдауды ұйымдастыру жұмысы жалғастырылады.

Тірек мектептерді (ресурстық орталықтарды) құру жұмыстары жалғастырылады. 2020 жылға қарай олардың саны 200 бірлікке дейін жеткізіледі. Сондай-ақ оларды онлайн және офлайн режимдерінде цифрлық контентпен қамтамасыз ету мәселесі пысықталатын болады.

Мектептер жергілікті бюджет, МЖӘ тетіктері және Дүниежүзілік банк қарызы есебінен техникалық инфрақұрылыммен жарақтандырылатын болады.

Орта білім беру ұйымдарының бірыңғай коммуникациялық ортасын құру мақсатында мұғалімдерді ұялы жұмыс құрылғыларымен жарақтандыру мәселелері пысықталады.

Ұялы байланыс ортасын мониторингтеу және әкімшілендіру үшін ұялы жұмыс құрылғысын басқару жүйесін әзірлеу және енгізу мәселесі пысықталады.

Авторлық құқықты сақтау және зиянды бағдарламалық қамтылымнан қорғану мақсатында БҒМ бағдарламалық қамтылымды және құралдарды лицензиялау мәселесі пысықталады.

3. Орта білім берудің мазмұнын жаңарту.

ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес мазмұнды жаңартуды ескере отырып, орта білім беру жүйесінің халықаралық интеграциясы бойынша жұмыс жалғастырылады.

Жаңартылған білім беру мазмұнына көшу жеке схема бойынша жүзеге асырылатын болады.

Орта білім беру мазмұнын жаңарту оқушының жұмысын, оның жетістіктерін бағалауға мүмкіндік беретін күтілетін нәтижелерге негізделетін болады. Күтілетін нәтижелерді тұжырымдау оқушылардың оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға, жеке қабілетін ескере отырып әрбір оқушыны дамытудың жеке траекториясын айқындауға мүмкіндік береді, сондай-ақ олардың функционалдық сауаттылығын, оқудағы білігі мен дағдыларын дамыту үшін ынтасын арттырады, білім беру процесінің сапасын жақсартады. Оқу бағдарламалары жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық модельдеуді дамытуға бағытталған STEM-элементтерді (ғылым) қамтитын болады.

12 жылдық білім беруге көшу балаларды 5 жастан бастап оқуға, жазуға («Әліппе» – «Букварь») және базалық математикалық есептеулерге ішінара балабақшаларда, ішінара мектептерде оқытуды енгізуді көздейді.

Орта білім беру деңгейлері бойынша оқулықтар мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз етуге бірыңғай әдіснамалық тәсілдеме әзірленетін болады.

Математикалық және жаратылыстану ғылымдарының оқыту сапасы цифрлық білім беру ресурстарын енгізу, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту арқылы күшейтілетін болады.

5 күндік оқуға көшу жалғастырылады.

Жаңартылған білім беру мазмұнына көшу схемасына сәйкес білім алушыларды және білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартты жүйесіне көшу кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын болады.

Білім беру саясаты оқыту сапасындағы өңірлік теңсіздікті төмендетуге бағытталатын болады.

2018 жылдан бастап Дүниежүзілік Банк қарызы шеңберінде мектептегі білім берудің сапасын арттыруды және теңсіздікті азайтуды қолдау жөніндегі

«Қазақстан Республикасында орта білімді жаңғырту» жобасы іске асырыла бастайды.

Жалпы білім беретін мектептерде оқушылар ерте кәсіби бағдарлау мақсатында кәсіби бағдарлау кабинеттері ашылатын болады. Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау процесіне жұмыс берушілер мен ата-аналар белсенді қатысады.

Орта білімнің маңызды бөлігі 7 және 10-сыныптардың әр оқушысын жыл сайын кәсіптік диагностикалау және еңбек нарығында қажетті мамандықтарға бағдарлау болуы қажет.

2018 жылдан бастап еліміздің барлық өңірлерінде жергілікті бюджет, оның ішінде демеушілердің қаражаты есебінен мектеп оқушылары сарайы базасында компьютерлерді, зертханаларды, 3D принтерлерді қоса алғанда, барлық қажетті инфрақұрылымы бар балаларға арналған технопарктер мен бизнес-инкубаторлар желісі құрылатын болады.

Қазақстандық мектептерде үш тілде оқытуды дамыту 33 мамандандырылған мектеп, 20 НЗМ және 27 «Білім-инновация» лицейі тәжірибесі бойынша жүзеге асырылады.

2019 – 2020 оқу жылынан бастап оқушылардың қалауы және мектептердің дайындығына қарай 10-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін (информатика, физика, химия және биология) ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңімен көшу басталады.

Үш тілдік оқыту процесінде қазақ тілінің мәртебесі күшейтіледі. Орыс тілінде оқытатын мектептерге арналған қазақ тілінің оқулықтары лексика-грамматикалық минимумда құрастырылатын болады. Орыс тілі орыс тілінде оқытылатын мектептерде оқыту тілі ретінде және оқыту тіліне қарамастан барлық мектептерде міндетті пән болып сақталады.

Оқыту технологиясының жаңа сапаға жетуін, заманауи оқу-әдістемелік және ғылыми-педагогикалық базаның дамуын қамтамасыз ететін Үш тілде оқытудың бірыңғай тілдік стандартына сәйкес тілдік пәндер бойынша отандық оқулықтар мен ОӘК әзірленетін болады.

Мектептің жоғары сыныптары үшін төрт пән бойынша (информатика, физика, химия және биология) ағылшын және басқа да шет тілдеріндегі отандық оқулықтар мен ОӘК әзірленіп, енгізілетін болады.

ЖҒЦ пәндерін ағылшын тілінде оқыту және үштілділікті енгізу үшін педагог кадрларға деген қажеттілік:

1) «Болашақ» бағдарламасының түлектерін білім беру ұйымдарында сабақ беруге тарту тетігі арқылы;

2) ЖОО-лар мен колледждерде мұғалімдерді мақсатты даярлау;

3) физика, химия, биология және информатика пәндерін ағылшын тілінде оқыту әдістемесі бойынша мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру;

4) студенттермен алмасу бағдарламалары және волонтерлерді тарту есебінен шешілетін болады.

Үш тілде білім беруді оқу және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету CEFR негізінде (2016 – 2017 жылдар) тілді деңгейлеп оқыту (қазақ, орыс, ағылшын) бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Педагогикалық ЖОО-ларда жоғары сыныптарда пәндерді ағылшын тілінде оқыту әдістемесі бөлігінде НЗМ тәжірибесін енгізу тетіктері көзделетін болады, сондай-ақ ЖҒЦ пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін тілдік құзыреттіліктің (B2 және одан да жоғары) жеткілікті деңгейін қамтамасыз ететін педагог кадрларды даярлау сапасы күшейтіледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін оқулықтар мен ОӘК, сондай-ақ көзі көрмейтін балалар үшін рельефті-нүктелік (Брайль қарпі) және нашар көретін балалар үшін үлкейтілген қаріпті оқулықтар мен ОӘК әзірленіп, бейімделетін болады.

ЖАО арнайы білім беру ұйымдары мен сыныптарды көзі көрмейтін балалар үшін рельефті-нүктелік қаріпті (Брайль қарпі) және нашар көретін балалар үшін үлкейтілген қаріпті оқулықтармен және ОӘК-мен қамтамасыз етуді кезең-кезеңімен жүзеге асыратын болады.

Қазақстанның TIMSS, PIRLS, PISA халықаралық зерттеулеріне қатысуы жалғасатын болады.

2018 жылы алғаш рет қазақстандық оқушылар ICILS халықаралық зерттеуіне қатысады.

ҰБТ-ның қолданыстағы форматын жетілдіру мақсатында ҰБТ рәсімін мектептегі қорытынды аттестаттауға және ЖОО-ға түсу емтихандарына бөлу, одан әрі оқуға деген қабілетін, логикалық ойлау деңгейін, ағылшын тілін меңгеру, сондай-ақ базалық құзыреттілік (функционалдық сауаттылық) деңгейлерін айқындауға бағдарланған тестерді пайдалануды кеңейту көзделген.

БҒМ-нің ақпараттық жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оларды әдіснамалық және техникалық сүйемелдеу мәселелері (электрондық журналдар мен күнделіктер жүйесі, электрондық құжат айналымы, басшы тақтасы және т.б.) пысықталатын болады.

Орта білім беру ұйымдарының арасындағы цифрлық теңсіздікті одан әрі азайту және білім беру процесін автоматтандыру мақсатында мектептерді цифрлық білім беру ресурстарымен, сондай-ақ орта білім беру ұйымдарын мультимедиялық, компьютерлік және бейнежабдықтармен жарақтандыру мәселесі пысықталатын болады. Мектептер кеңжолалық интернетке қосылатын болады.

Сонымен қатар электрондық оқулықтарға толық көшу мәселесі (қағаз кітаптарды электрондық құрылғыларға ауыстыру арқылы) пысықталатын болады.

4. Мектеп оқушыларының бойында «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту шеңберінде рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру.

Тұлғаның шығармашылық құзыреттіліктегі, үздіксіз білім мен тәрбиедегі, өзін-өзі кәсіби тұрғыдан айқындаудағы бәсекелі басымдықтарын қалыптастыру мақсатында балаларға қосымша білім берудің мазмұны мынадай негізгі бағыттар бойынша жаңартылатын болады: көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық, білім беру-сауықтыру және т.б.

Орта білім беру адамгершілік құндылықтарды, ұлттық-мәдени дәстүрлерді нығайтуға және ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өз Отаны үшін жауапкершілік алуға қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталатын болады. Құндылықты білім беру жағдайында мектеп балаларды патриоттық сезімге, туған жерді сүйуге, экологиялық мәдениетке баули отырып және өз елінің ақжарқын, адал азаматы етіп тәрбиелеуге ықпал етіп, қоғамдық сананы жаңғыртуға үлес қосады.

Жалпыға міндетті стандарттар мен оқу бағдарламаларының барлығына тұлғаның рухани-адамгершілік және зияткерлік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін компоненттер енгізілетін болады.

Оқушылар «Өлкетану» бағдарламасын оқитын болады, өлкетану жобаларына (экскурсиялар, экспедициялар, сапарлар, жорықтар), облыстық, республикалық ғылыми жобалар конкурстарына, робот техникасы, техникалық шығармашылық пен өнертабыс, әдеби оқулар бойынша конкурстарға қатысатын болады.

НЗМ-нің патриоттық тәрбиелеуге, ұлттық және жалпы адамгершілік құндылықтарды сіңіруге бағытталған «Шаңырақ» әлеуметтік жобасының тәжірибесі таратылатын болады.

Қосымша білім беру педагогтерінің біліктіліктерін арттырудың білім беру бағдарламасы жетілдірілетін болады.

Қосымша білім беру ұйымдарының желісі жергілікті бюджет қаражаты және МЖӘ тетіктерін енгізу есебінен дамитын болады.

Бұдан басқа:

1) балалардың бос уақытын өткізу орталықтарының жұмыс істеуі үшін тұрғын үй құрылысы кезінде 1-қабаттан орынжайларды жоспарлау;

2) балалардың бос уақытын өткізу орталықтарының жұмыс істеуі үшін мектептерден бос орынжайлар беру есебінен желілерді дамыту жоспарлануда.

Жергілікті бюджет есебінен мектептегі спорт секцияларының желісі кеңейтілетін болады.

Тұрмысы төмен және көп балалы отбасылар балаларының, жетім балалардың, девиантты мінез-құлықты балалардың бұқаралық спорт түрлерімен айналысуы үшін спорт объектілеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ мәдениет және спорт ұйымдарына бару мақсатында жеңілдіктер (тегін абонементтер) (ЖАО, демеушілер, меценаттар есебінен) беру көзделетін болады.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі үйірмелер мен секциялар санының өсуі қамтамасыз етілетін болады, бұл балаларды қосымша

білім берумен қамтуды 70 %-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Дене шынықтыру сабақтарына спорттық ойындардың басқа да түрлерін енгізу практикасы кеңейтілетін болады. Спорттық жарыстар мектеп ішінде де, мектептер арасында да өткізілетін болады.

Мектептер арасында тұрақты түрде спорттық жарыстар өткізу іске асырылатын болады.

Мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының спорт залдарын заманауи жабдықтармен жарақтандыру бойынша ЖАО-ның жұмысы күшейтілетін болады.

«Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының қағидаттары негізінде «Жас қыран» (7-9 жас, 2-4 сыныптар) және «Жас ұлан» (9-16 жас, 5-9 сыныптар) болып екі буынға бөлінетін «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының (бұдан әрі – ББЖҰ) телевизия, әлеуметтік жарнама, кино, концерттер, бұқаралық акциялар, экскурсиялар, саяхаттар арқылы патриоттық, волонтерлік, азаматтық-құқықтық іс-шаралар өткізу жұмысы жандандырылатын болады.

2016 – 2020 жылдары «Жас ұлан» ББЖҰ-ның тәлімгерлер мен үйлестірушілер қауымдастығы құрылады және жұмыс істейді.

Жыл сайын «Жас ұлан» ББЖҰ-ның фандрайзинг режимінде қаржылық ресурстарды қалыптастыру жөнінде іс-шаралары (жобалар мен бағдарламаларды іздестіру және қаржыландыру) өткізілетін болады.

Жыл сайын «Жас ұлан» ББЖҰ-ның патриоттық тәрбиені қалыптастыру бойынша іс-шаралары өткізілетін болады.

Жыл сайын:

1) біліктілігін және кәсіби дағдыларын арттыру мақсатында «Жас Ұлан» ББЖҰ-ның тәлімгерлері үшін слеттер, семинарлар, тренингтер;

2) «Көшбасшылар мектебі» балалар мен жасөспірімдер қозғалысының белсенділері үшін семинар-тренингтер мен шеберлік сыныптары;

3) «Ұланымыз ұлы елдің» республикалық көшбасшылар форумын ұйымдастыруға қатысу үшін жоғары курс студенттері арасынан волонтерлер тартылатын болады.

Мектеп оқушылары ізгілік, еріктілік, әлеуметтік теңдік, конфессияаралық және этникалық толеранттылық және т.б. әлеуметтік акцияларға, оның ішінде медиаресурстарды пайдалана отырып тартылатын болады.

Мектеп оқушыларының бойында тамақтану мәдениетін қалыптастыру, оның ішінде теңгерімді пайдалы тамақты насихаттау және олардың табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуын қамтамасыз ету арқылы қалыптастыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

5. Орта білім беру менеджментін және даму мониторингін жетілдіру.

Нәтижеге бағытталған қаржыландыру орта білім берудегі мемлекеттік шығыстарды басқару саласындағы реформалардың құрамдас бөлігіне айналады.

Мектептік білім беруді басқаруға мектептердегі қамқоршылық кеңестерді дамыту арқылы көпшілік қоғам тартылатын болады.

2020 жылға дейін әрбір толық жинақты мектептерде жан басына қаржыландыруды енгізу шеңберінде сынақтан өткізіліп жатқан пилоттық мектептер моделі бойынша қамқоршылық кеңестер құрылатын болады.

Білім беру мекемелері арасында бәсекелестікті арттыру және жекеменшік капиталды тарту мақсатында 2020 жылы оң апробация қорытындылары бойынша қала мектептерінде жан басына қаржыландыруды енгізу процесі аяқталатын болады.

Қаржылық дербестік пен ұтқырлықты кеңейту үшін мектептердің шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын меншік нысанына көшуі жөніндегі мәселе пысықталатын болады.

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалалары өкілдерінің қатысуымен ата-аналар қауымдастығының алдында әрбір оқу тоқсанының қорытындысы бойынша (жылына 4 рет) онлайн режимінде қоғамдық тыңдаулар (ашық баяндамалар) жалғастырылады.

Жыл сайын жалпы орта білім беру ұйымдары басшыларының 20 %-ы оқытудан өтетін басқарудың инновациялық нысанын есепке ала отырып, менеджмент саласындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламалары жаңартылатын болады.

Мектептерді аттестаттау ұсынылатын қызметтер сапасының деңгейлері бойынша орта білім беру ұйымдарын ранжирлеу жүйесін енгізу негізінде өткізіледі. Мектептер мынадай төрт деңгейден тұратын өлшемшарттар мен дескрипторлар (талаптар) бойынша бағаланады: үлгілі, жақсы, жақсартуды талап етеді және төмен.

Тек нашар нәтижелер мен білім берудің төмен сапасын көрсеткен білім беру ұйымдарын бақылаумен қамтуды, мемлекеттік бақылаудың «жазалау» сипаттамасынан «қолдау көрсетуге» көшуді көздейтін тәуекелдер дәрежесін бағалау негізінде профилактикалық бақылау тетігін енгізу мәселесі пысықталатын болады.

Бақылаудың негізгі нысаны білім беру ұйымдары ұсынған көрсеткіштерді Ұлттық білім беру деректер базасы арқылы қашықтықтан мониторингтеу болып табылады.

6. Өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар үшін арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетудің қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Балалардың ата-аналарын құқықтық сауаттандыру мақсатында ақпараттық кеңістікте адамгершілік және отбасылық құндылықтарды танымал ету жұмысы жалғастырылатын болады.

Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларға психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жұмысы жандандырылады.

Балалардың девиантты мінез-құлқының профилактикасы үшін баланы адамгершілік-рухани дамытуға бағытталған шаралар қабылданатын болады.

Балаларға қатысты және балалар арасындағы құқық бұзушылықтардың, кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу мақсатында ақпараттық-насихаттау жұмысы жандандырылатын болады.

Білім беру мекемелеріндегі қақтығыстар мәселелерін шешетін мектептегі татуластыру қызметін дамыту, балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы бойынша жұмыс ұйымдастырылатын болады.

Өмірлік қиын жағдайда жүрген балалардың проблемаларын шешу мақсатында азаматтық қоғамды, волонтерлік қозғалысты тарту жоспарлануда.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтендіру және оларды отбасына орналастыру үшін қорғаншы, қамқоршы, бала асырап алушы болуға үміткерлер үшін міндетті психологиялық тестілеу қолданылатын болады.

Өмірлік қиын жағдайда жүрген отбасылар мен балаларды қолдау түрлерін көрсетудің стандарттары мен қағидалары әзірленетін болады.

Жазғы демалыс және балаларды сауықтыру ұйымдарының нысанын жетілдіру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Техникалық және кәсіптік білім

Мақсаты: техникалық және кәсіптік білім алу үшін жағдайлар жасау арқылы жастарды әлеуметтік-экономикалық интеграциялау.

Нысаналы индикатор:

жұмыспен қамтылған халықтың құрылымындағы техникалық және кәсіптік білімі бар 18 – 28 жастағы азаматтардың үлесі.

Міндеттері:

1. ТжКБ жүйесінің беделін арттыру.

Кадрларды даярлау ұлттық біліктілік шеңбері мен кәсіптік стандарттар негізінде жүзеге асырылатын болады.

ТжКБ жүйесі басқарылатын оқу көші-қонының тиімді құралына айналады. Ол үшін «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» әлеуметтік жобасы шеңберінде түлектерді жаңа тұрғылықты жерде бекіту арқылы білікті мамандарды даярлау жалғасады.

Жастарды өмірге деген сындарлы көзқарас қалыптастыруға және оларды міндетті жұмыс дағдылары мен біліктерді алуға бағыттайтын кәсіптік бағдарлау жұмысы жүйелендірілетін болады.

Мектеп оқушыларын жұмысшы біліктіліктерін алуға тарту үшін барлық мүдделі құрылымдардың: білім беру, жұмыспен қамту органдарының, жұмыс берушілердің, ата-аналар қоғамдастығының қызметін үйлестіруді көздейтін кәсіптік бағдарлау жұмысы жүйесін қалыптастыру туралы мәселе пысықталатын болады.

Кең ауқымды ақпараттық жұмыс жүргізу, еңбек адамының бейнесін жасау және оны насихаттау арқылы жұмысшы біліктілігінің беделіне жаңа серпін беріледі.

Жыл сайын WorldSkills Kazakhstan өңірлік және республикалық чемпионаты өткізілетін болады.

WorldSkills Kazakhstan чемпионаттарын өткізу халықаралық қозғалысқа интеграциялануға мүмкіндік береді, өйткені WorldSkills Kazakhstan республикалық чемпионатының жеңімпаздары World Skills халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарына қатысатын болады.

ТЖКБ беделін кеңінен жариялау бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық тапсырыс орналастырылатын болады.

2020 жылға қарай техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына қабылданған студенттердің жалпы санындағы мемлекеттік тапсырыс бойынша қабылданған студенттер үлесі 68 %-ды құрайтын болады.

2. ТЖКБ қолжетімділігін және кадрларды даярлау сапасын қамтамасыз ету.

Жастардың кәсіптік білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін бюджет есебінен, сондай-ақ МЖӨ-нің қатысуымен ТЖКБ ұйымдарының құрылысын салу арқылы колледждерде оқушы орындарының саны арттырылатын болады.

ТЖКБ ұйымдары студенттерінің өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін мемлекеттік тапсырысты орналастыру арқылы, оның ішінде МЖӨ шеңберінде оларды жатақханада жаңадан енгізілген орындармен қамтамасыз ету жоспарлануда.

МЖӨ шеңберінде студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру МЖӨ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің шектелімі шегінде жүзеге асырылатын болады.

МЖӨ тетігі мынадай бағытта жүзеге асырылатын болады: жеке инвестицияларды тарту арқылы жаңа объектілерді салу және жұмыс істеп тұрған объектілерді қайта құру әріптестіктің ұзақ мерзімді түрін көздейді (3 жылдан 30 жылға дейін).

Студенттерді жатақханадағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру, жеке әріптесті айқындау, МЖӨ шартын жасасу тәртібі білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларында регламенттелетін болады.

Білім беретін оқу орындары ақылы негізде көрсететін қызметтердің тізбесін кеңейту мақсатында ТЖКБ оқу орындарының ұйымдық-құқықтық нысаны өзгертін болады. Бұл колледждерге қаржылық басқаруда еркіндік және білім беру қызметін жүзеге асыруда дербестік беретін болады.

Жұмыс істеп тұрған ТЖКБ оқу орындарының базасында кәсіпорындармен бірлесіп құзыреттілік орталықтары құрылатын болады.

Аталған орталықтар «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ-ның, оның ішінде «АРЕС Petrotechnic жоғары техникалық мектебі» ЖШС-нің халықаралық талаптар бойынша білім беру бағдарламаларын енгізу, инженер-педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру, озық технологияларды ескере отырып

материалдық-техникалық базаны жаңарту тәжірибесін тарататын және сынақтан өткізетін болады.

Қазақстанның Орта Азияда білім беру хабы ретінде қалыптасуы шеңберінде қазақстандық колледждерге шетелдік студенттерді тарту бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Кадрлар даярлауды жүйелендіру мақсатында ТЖКБ оқу орындарын бейіндендіру бойынша жұмыс жалғасатын болады.

2017 жылдан бастап барлық тілек білдірушілерге жұмысшы біліктіліктері бойынша тегін техникалық және кәсіптік білім алуға мүмкіндік беріледі. Бұл жастар үшін бірінші жұмысшы біліктілігін тегін алуға қол жеткізуді қамтамасыз ететін әлеуметтік лифт жасауға мүмкіндік береді.

Жұмысшы біліктілігі жоқ барлық тілек білдіруші 9, 11-сынып оқушылары колледждер базасында тегін бірінші жұмысшы біліктілігімен қамтамасыз етілетін болады. Жұмысшы мамандықтары бойынша білім алушылардың саны 40 %-ға дейін ұлғаятын болады. Өңірлерді мамандандыру картасына сәйкес кадрлар даярлауды бейіндендіру жұмысы жандандырылады.

Курстық дайындықпен Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, сондай-ақ жұмыс берушілердің есебінен оқу орталықтары мен колледждер базасында барлық тілек білдірушілер, оның ішінде біліктілігі жоқ жастар, аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар, жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қамтылатын болады.

Жалпы, жобаны іске асыру жастардың бірінші жұмысшы біліктілігіне қаржылай, бағдарламалық, аумақтық тең қолжетімділігі мәселелерін шешеді және еңбек қызметі саласында жастардың әлеуметтік интеграциялануын қамтамасыз етеді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдарға жағдай жасау мақсатында мамандықтар бойынша оқу жоспары әзірленетін болады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін мамандықтар тізбесі әзірленетін болады. Колледждерде білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында инклюзивті білім беру бағдарламалары енгізілетін болады.

2020 жылға қарай ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттер үшін тең жағдайлар мен кедергісіз қолжетімділік жасаған ТЖКБ ұйымдарының үлесі 40 %-ды құрайды.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттер колледждер қаражаты есебінен Abilitypics және DeafSkills кәсіптік шеберліктің халықаралық конкурсына қатысатын болады.

Бюджет есебінен, жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестер, Дүниежүзілік Банк қарызы есебінен, сондай-ақ лизинг тетігі есебінен мемлекеттік ТЖКБ оқу орындарының оқу-өндірістік шеберханаларын, зертханалары мен арнайы пәндер кабинеттерін жарақтандыру және қайта жабдықтау жұмысы жалғастырылатын болады.

ТЖКБ жүйесінде халықаралық талаптарға сәйкес «Кәсіпқор» холдингі» КеАҚ арқылы инженер-педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламаларының деңгейлік моделін енгізу мәселелері пысықталатын болады.

Арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері үшін кәсіпорындарда тағылымдама ұйымдастырылады және білім мен озық технологияларды өзектілендіру үшін, оның ішінде әлеуметтік әріптестер есебінен де шетелде тағылымдамадан өту мәселесі пысықталатын болады. Сондай-ақ жас оқытушылардың кәсіби қалыптасуына көмек көрсету, жас мамандардың педагогикалық қызметке деген қызығушылығын арттыру мақсатында оларға тәжірибелі оқытушылар қатарынан тәлімгерлерді бекіту мәселесі пысықталатын болады.

Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіне жан басына қаржыландыруды енгізу бойынша мәселелер пысықталатын болады.

Жан басына қаржыландыру әдістемесі шеңберінде дуальді оқытуды ұйымдастыру кезінде өндірістегі тәлімгерлердің еңбегіне ақы төлеуді ынталандыру бойынша шаралар көзделетін болады.

Кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша колледждерді ынталандыру мақсатында ТЖКБ ұйымдарында оқу процесіне көзделген қаржыны дербес бөлуге мүмкіндік беру қарастырылатын болады.

Кадрлар даярлау сапасын арттыру және білім беру бағдарламаларын халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келтіру үшін 2020 жылдан бастап ТЖКБ оқу орындарын халықаралық аккредиттеу енгізілетін болады.

Колледждерді ынталандыру мақсатында кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды және мемлекеттік үлгідегі құжатты беру құқығын ТЖКБ-ның аккредиттелген оқу орындары жүзеге асыратын болады.

Экономика салаларында салалық қауымдастықтар базасында мамандардың біліктілігін сертификаттаудың тәуелсіз жүйесін толыққанды енгізу есебінен білікті кадрлар даярлау сапасы қамтамасыз етілетін болады.

3. Елдің индустриялық-инновациялық даму сұраныстарын ескере отырып, ТЖКБ мазмұнын жаңарту.

Халықаралық талаптарға және еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес Ұлттық біліктілік жүйесі қайта қаралатын болады. Ол үшін еңбек саласындағы уәкілетті орган біліктілік деңгейлерінің сабақтастығын ескере отырып, Ұлттық кәсіптер сыныптауышын әзірлейтін болады. Халықаралық білім беру сыныптауышы стандартының (бұдан әрі – ХБСС) талаптарына сәйкес ТЖКБ кәсіптері мен мамандықтарының сыныптауышы қайта қаралады, жұмыс берушілер мен халықаралық стандарттардың талаптарын ескере отырып, жаңа мамандықтар енгізіледі.

Ұлттық біліктілік шеңберінің барлық деңгейін қамтитын экономика салаларының басым мамандықтары бойынша, оның ішінде ИИДМБ үшін

ТЖКБ-ның басым мамандықтары бойынша кәсіптік стандарттарды жетілдіру жұмысы жалғастырылатын болады. Кәсіптік стандарттарды әзірлеуді жұмыс берушілер бірлестіктері жүзеге асырады және Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бекітеді.

ТЖКБ, орта білімнен кейінгі білім берудің МЖС-ның икемділігі оқу орындарына оқу жұмыс жоспарларының мазмұнын жұмыс берушілердің талаптарымен өзгертуге, модульдік, кредиттік, дуальді оқытуды енгізуге мүмкіндік береді.

Кәсіптік стандарттардың негізінде ТЖКБ-ның білім беру бағдарламалары қайта қаралады және жаңартылатын болады. Аталған білім беру бағдарламаларын енгізу маманды даярлаудың өзіндік бағытын жасауға және оның еңбек нарығындағы кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді. ТЖКБ жүйесін кредиттік-модульдік оқыту технологиясына кезең-кезеңімен көшіру жүзеге асырылатын болады, бұл орта білім беру, ТЖКБ, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру деңгейлерін интеграциялауға мүмкіндік береді.

Орта білім беру мазмұнын жаңарту ТЖКБ, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлау кезінде ескерілетін болады. Орта білім беру мазмұнын жаңартудың жаңа стандарты негізінде педагогикалық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламалары қайта қаралатын болады.

ТЖКБ жүйесінде халықаралық, оның ішінде WorldSkills талаптарын ескере отырып жаңартылған білім беру бағдарламалары енгізілетін болады.

ТЖКБ жүйесінде халықаралық және кәсіптік стандарттарға сәйкес келетін білім беру бағдарламаларын әзірлеу және тарату «Кәсіпқор» холдингі» КеАҚ, базалық колледждер және құзыреттілік орталықтары арқылы жүзеге асырылатын болады.

ТЖКБ жүйесі үшін білім беру бағдарламаларының ұлттық тізілімін құру жөніндегі мәселе пысықталады.

Жастарды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға ынталандыру үшін жағдай жасау мақсатында кәсіпкерлік негіздері бойынша білім алған студенттер саны ұлғайтылатын болады. Барлық техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша «Кәсіпкерлік қызметтің негіздері» факультативтік курсы оқытылатын болады.

Елдің индустриялық-инновациялық дамуының сұраныстары ескеріле отырып, ТЖКБ мазмұнын жаңарту жүзеге асырылады.

Кадрлық әлеуеттің дайындығы ескеріле отырып, ағылшын тілінде оқытылатын пәндер саны көбейтілетін болады. Цифрлық құзыреттілік саласында кадрларды даярлауға ерекше көңіл аударылады.

ТЖКБ оқу процесін басқарудың автоматтандырылған жүйесін құру жөніндегі мәселе пысықталады.

Колледждерді кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету, білім беру процесіне ақпараттық-коммуникативтік оқыту технологияларын енгізу, ТЖКБ жүйесінің бірыңғай электрондық кітапханасын құру бойынша шаралар

қабылданатын болады. Оқу процесінде мамандықтар бойынша цифрлы білім беру ресурстары қолданылатын болады.

2020 жылға қарай модульдік-құзыреттілік тәсіл ескеріле отырып, барлық үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары жаңартылатын болады.

Сондай-ақ кадрларды даярлау сапасын қамтамасыз ету колледж кітапханаларын заманауи оқу әдебиеттерімен және ОӘК-мен толықтыру арқылы жүзеге асырылатын болады. Бұл мақсатта шетелдік оқу әдебиеттері аударылып, бейімделетін болады.

Колледждерде экономиканың жоғары технологиялық салалары үшін білікті кадрлар даярлау қолданбалы бакалавриат бағыттары бойынша жүзеге асырылатын болады. Қолданбалы бакалавриат білім беру бағдарламасының практикалық бағдарланған бөлігін ұлғайта отырып, нақты біліктілікке бағытталатын болады.

Кадрлар даярлау бойынша әріптестікті дамыту үшін ТжКБ оқу орындарында дуальді оқытуды енгізу жұмыстары жалғастырылатын болады. Дуальді оқытуға қатысушылардың (оқу орнының, кәсіпорынның, білім алушының, тәлімгердің, ЖАО және т.б.) негізгі функциялары дуальді оқытуды ұйымдастыру қағидаларымен реттелетін болады. ТжКБ-ны дамыту жөніндегі Ұлттық, өңірлік және салалық кеңестердің өзара іс-қимылы бойынша жұмыс күшейтілетін болады, ҰКП-мен дуальді оқытуға кәсіпорындарды тарту бөлігінде байланыс нығаятын болады. Практикадан өту үшін орындар ұсыну және түлектердің жұмысқа орналасуына көмек көрсету оқу орындары мен кәсіпорындар арасында жасалған меморандумдар, келісімдер негізінде жүзеге асырылатын болады.

Нәтижесінде 2020 жылға қарай дуальді оқытудың негізгі қағидаттарын енгізген колледждердің үлесі 62 %-ға, оның ішінде технологиялық, техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша 80,1 %-ға дейін жетеді.

4. ТжКБ ұйымдарының білім алушыларының бойында «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін нығайту.

Жастар саясаты тұжырымдамасын іске асыру жастарды қазақстандық патриоттыққа тәрбиелеуде аса маңызды рөл атқарады.

ТжКБ ұйымдарындағы тәрбие процесіне қазақ халқының тарихы мен дәстүрлерін білу арқылы белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру бойынша құндылықтар енгізіледі.

Білім алушылар тарихи-мәдени ескерткіштер мен жергілікті танымал тарихи тұлғалар негізінде туған өлкенің тарихын зерделейді, өлкетану жобаларына (экскурсиялар, экспедициялар, сапарларға шығу, жорықтарға шығу), өлке тарихы бойынша зияткерлік іс-шараларға, өлкетану және экологиялық үйірмелерге, әдеби оқу бойынша конкурстарға, кәсіби дағды бойынша облыстық, республикалық конкурстарға, жоғары технологиялық әдістемелер мен цифрлық технологиялар саласындағы жобаларға қатысады.

ТЖКБ ұйымдарында студенттерді қоғамдық қызметке интеграциялайтын, патриотизмді, әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға, өзін-өзі басқаруды дамытуға ықпал ететін жастар ісі жөніндегі комитеттерді, студенттік ұйымдар мен қызығушылық бойынша клубтарды құру жұмыстары жалғасатын болады.

Колледж студенттері волонтерлік қызметке белсенді түрде тартылатын болады. Жыл сайын патриоттық тәрбиені дамыту, қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту бойынша іс-шаралар жүргізілетін болады.

ТЖКБ оқу орындарында балалар үйлеріне, онкологиялық ауруханалар мен мүгедектер үйлеріне, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне көмек көрсету үшін, ірі халықаралық іс-шараларды дайындау үшін волонтерлер мектептері жұмыс істейтін болады. Сондай-ақ, «Үздік волонтер» конкурсы өткізіледі. ТЖКБ оқу орындарының студенттері «Жасыл ел» еңбек жасақтарының қызметіне белсенді араласатын болады.

2020 жылға қарай қоғамдық пайдалы (волонтерлік және т.б.) қызметке тартылатын студенттердің үлесі 60 %-ды құрайды.

Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша бірінші кезектегі міндеттер қатарында мемлекеттік қолдау күшейтіледі, дене шынықтыру үйірмелерінің желісі, оның ішінде спорттық секциялар нығайтылады және дамиды, спорттық жарыстардың, чемпионаттардың, спартакиадалардың саны ұлғаяды, бұл жастар арасындағы құқық бұзушылықтар санын азайтуға мүмкіндік береді.

2020 жылға қарай спорттық секциялармен қамтылған студенттердің үлесі 70 %-ды құрайтын болады.

Білім алушыларға дұрыс және сапалы тамақтануды насихаттау, олардың тамақтану мәдениетін қалыптастыру, оның ішінде табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуы арқылы қалыптастыру жөнінде жұмыс жүргізілетін болады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасын іске асыру шеңберіндегі іс-шараларға қатысқан ТЖКБ ұйымдарының үлесі 60 %-ды құрайды.

5. ТЖКБ менеджментін және даму мониторингін жетілдіру.

«Кәсіпқор» холдингі» КеАҚ-ның, оның ішінде «АРЕС Petrotechnic жоғары техникалық мектебі» ЖШС-нің тәжірибесін ТЖКБ-ның барлық жүйесіне тарату жалғасатын болады.

Қамқоршылық және өңірлік кеңестердің қызметі күшейтіледі.

ТЖКБ ұйымдарының басшылары жыл сайын біліктілікті арттыру курстарынан, оның ішінде бюджеттен тыс қаражат есебінен өтеді.

Тәжірибелі және жас инженер-педагог жұмыскерлердің қатысуымен конкурстар, сондай-ақ «Үздік педагог» республикалық конкурсы өткізілетін болады.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган жыл сайын жұмыс берушілерден сауал жүргізу негізінде колледждердің білім беру бағдарламаларының рейтингтік жүйесін енгізеді. Негізгі индикаторлар түлектердің жұмысқа

орналасуы, жалақысы және жоғары колледждердің білім беру бағдарламаларының сапасы болып табылады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім

Мақсаттары: экономика салаларын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар бәсекеге қабілетті кадрлармен қамтамасыз ету, білім беруді, ғылымды және инновацияларды интеграциялау.

Нысаналы индикаторлар:

- 1) 22 – 28 жастағы жұмыспен қамтылған халықтың құрылымында осы жастағы жоғары білімі бар азаматтардың үлесі;
- 2) QS-WUR рейтингінде атап өтілген Қазақстан ЖОО-ларының саны: топ-200, топ-300, топ-500, топ-701+.

Міндеттері:

1. Бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес 3 жылға жүзеге асырылады. 2017 жылдан бастап мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемін мемлекеттік және салалық бағдарламалар қажеттілігі, оның ішінде индустрияландыру карталары, өндіруші күштерді орналастыру, өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламалары, ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымды пайдалану бойынша өңірлерді мамандандыру схемасы және т.б. негізінде жұмыс берушілердің салалық бірлестіктері айқындайтын болады. Бұл жоғары оқу орындары түлектерінің қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, тиісінше экономиканың барлық салалары білікті кадрлармен қамтамасыз етілетін болады. Мемлекеттік тапсырыстың құрылымы білім беру процесіне жұмсалатын шығындардың басымдығымен қайта қаралатын болады.

11 базалық ЖОО-да жоғары білікті кадрларды даярлау және инновациялық қызметті дамыту ИИДМБ басым бағыттары мен кәсіпорындардың қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндік магистратураға мемлекеттік тапсырысты орналастыруды, инновациялық оқыту технологияларын енгізу және шетелдік әріптес ЖОО-мен практикаға бағытталған жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ зертханаларды МЖӨ және лизинг тетіктерінің көмегімен қолдау табатын заманауи жабдықтармен жарақтандыру құралдары ретінде заманауи білім беру ортасын құруды көздейді.

11 базалық ЖОО-ның жанынан ИИДМБ басым бағыттары бойынша қазіргі заманғы жабдықпен жинақталған 48 жаңа зертхана жұмыс істейтін болады, сондай-ақ ИИДМБ салаларын және басымдықтарын жандандыруды ескере отырып, білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны жаңартылатын болады. Бұл өндірістің инновациялық технологияларын

көрсететін және құзыреттілік беретін, заманауи технологиялардың негізгі міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін жаңа пәндерді енгізуді қарастырады.

Бұдан әрі магистратураның жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен енгізудің оң тәжірибесі бакалавриат бағдарламаларына кезең-кезеңмен таратылатын болады.

2017–2018 оқу жылынан бастап ИИДМБ базалық ЖОО-лары 6 мамандық бойынша және педагогикалық ЖОО-ларда 4 мамандық бойынша ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларын, оқулықтар мен ОӘК әзірлей отырып, ағылшын тілінде оқытуға көшу жүзеге асырылатын болады. Одан әрі магистратурада бейіндеуші пәндерді оқыту басым түрде ағылшын тілінде жүзеге асырылатын болады.

ИИДМБ базалық жоғары оқу орындары ЖОО, ғылыми ұйым және бизнес арасында үшжақты келісім жасау арқылы қаржыландырылатын ғылыми жобаларды іске асыруға қатысатын болады. Оқыту бағдарламаларының сапасы арттырылатын және өндіріспен неғұрлым өзара тығыз іс-қимыл қамтамасыз етілетін болады.

Жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және ИИДМБ базалық ЖОО-ларында оқытуға өндірістен тәжірибелі мамандар тартылатын болады.

Кадрлар даярлау нәтижелілігі:

1) студенттерді бір мезгілде нақты кәсіпорындарда кәсіби практикадан өткізе отырып оқыту;

2) кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу;

3) кәсіби қауымдастықтың білім беру бағдарламаларының сапасын сараптамалық бағалауы;

4) оқу процесіне өндіріс мамандарын тарту арқылы қамтамасыз етіледі.

Түлектердің ИИДМБ шеңберінде жұмыс істеу дайындығы деңгейіне жұмыс берушілердің қанағаттануын анықтау мақсатында 2017 жылдан бастап әлеуметтік зерттеулер (сұраулар, сауалнама, сұхбат және т.б.) жүргізілді.

Кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы көлемінде магистратура мен докторантураның үлесі, оның ішінде Назарбаев Университеті үшін артады.

Экономика салаларын цифрландыру шеңберінде ақпараттық технологиялар саласындағы, сондай-ақ жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс жасайтын мамандарды даярлауға мемлекеттік тапсырыс ұлғаятын болады. Киберқауіпсіздік саласында жоғары білікті кадрлар даярлау Президенттің «Болашақ» халықаралық стипендиясының шеңберінде жүзеге асырылатын болады (академиялық оқу және тағылымдамалар).

Орта білімнің жаңартылатын білім беру бағдарламаларын қамтамасыз ету мақсатында магистратурада мұғалімдерді даярлау бойынша педагогикалық мамандықтарға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы ұлғаятын болады.

Педагогикалық білім беруді жаңғырту шеңберінде педагогикалық мамандықтарға түсу, атап айтқанда, ЖОО-ға педагогикалық мамандықтарға түсу кезінде жаңа өлшемшарттар енгізудің тетігі әзірленетін болады,

талапкерлердің педагогикалық қызметке бейімділігін анықтауға арналған арнайы емтихан енгізіледі. Болашақ мұғалімдердің кәсіби дағдыларын дамыту мақсатында 2019 жылы педагогикалық интернатура енгізу мәселесі пысықталатын болады. Университеттер жанынан педагогикалық кафедралар мен факультеттер, педагогикалық ғылым дами бастайды. ОҚП үшін біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылатын болады. ЖОО-лардың қаражаты есебінен педагогикалық кафедралардың материалдық-техникалық базасы ұлғаятын болады, жаңа білім беру бағдарламалары әзірленеді.

ЖОО-ларда жоғары білікті педагогикалық кадрлардың жаңа буынын тәрбиелеу мақсатында жас педагогтер мен жаңадан қабылданған оқытушылар үшін олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, қазіргі кезеңдегі олардың педагогикалық қызметтерінің нәтижелілігін жетілдіру және оларға әдістемелік және әдіснамалық көмек ұсыну үшін жас оқытушы мектебі мен шеберлік сыныптары ұйымдастырылатын болады.

Өңірлердегі оқу орындары мен озық оқу орындарының (Назарбаев Университеті, КИМЭП, ҚБТУ секілді) педагогикалық кадрлары арасында білім алмасу жалғасатын болады. Оқытушылар құрамы үшін халықаралық алмасу бағдарламалары ұйымдастырылатын болады, бұл ретте басты назар озық педагогикалық практикаларды меңгеруге, ағылшын тілін оқуға бөлінетін болады.

Педагогикалық ғылымның әдіснамасын зерделеу бойынша зерттеу жүргізілетін болады, ол педагогикалық құбылыстар мен процестерді жан-жақты және нақты зерттеуге және соның негізде жұмыс істеудің мазмұны мен ерекшелігі туралы тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

2017 жылдан бастап ҰБТ-ның жаңа форматы енгізіледі. Одан әрі ЖОО-ға түсу кезінде талапкерлерге оқу тілін таңдау құқығын беру мәселесі, сондай-ақ ақылы негізде оқу үшін түсу емтихандарын тапсырудың баламалы нысандары пысықталады.

ҰБТ-мен, пәндік олимпиадаларға қатысумен қатар жоғары оқу орындарына қабылдау рәсімдерінің баламалы тізбесіне SAT, ACT тестілерін енгізу мәселесі пысықталатын болады.

Докторантураға қабылдау IELTS, TOEFL, DELF, DALF, TestDaF, DSD II сертификаттары негізінде (2018 жылдан бастап), үміткерге жоғары оқу орнын таңдау құқығын ұсыну арқылы (2019 жылдан бастап) кемінде 1 жыл практикалық жұмыс өтілі болған жағдайда жүзеге асырылатын болады, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасының ғылыми компоненті деңгейіне қойылатын талаптар күшейтіледі (2017 жылдан бастап). 2017 жылдан бастап докторантурада кадрлар даярлау мемлекет пен жұмыс берушілер әріптестігінде жүзеге асырылатын болады.

2017 жылдан бастап жыл сайын ЖОО дайындық бөлімдеріне тілдік дайындық деңгейін арттыру үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы бөлінеді. Сондай-ақ бейінді магистратура мен бакалавриатта ағылшын тілінде оқыту үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қабылдау жүзеге асырылады.

Оқытушылар мен ОПК «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқытылатын болады.

Меншік нысандарына қарамастан ЖОО-ларда мемлекеттік білім беру тапсырысы көлемін нарықтық реттеумен бакалавриатта, магистратурада және докторантурада қабылдау тетігі мен кадрлар даярлау жетілдірілетін болады.

2017 жылдан бастап жұмыс берушілерді тарту арқылы игерілетін академиялық кредиттер көлемін ескере отырып, мемлекеттік білім беру тапсырысын қаржыландыру бойынша ұсыныстар әзірлей отырып, жоғары білім беруді кредиттік жан басына қаржыландыруға көшу мәселесі пысықталатын болады.

Қазақстандық талапкерлерді көбірек тарту мақсатында өңірлік ЖОО-лардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Ақпараттық-имидждік және кәсіби бағдарлау жұмыстары тұрақты негізде жүргізіледі.

Өңірлік ЖОО дербес гранттар мен стипендияларды бөлу, студенттердің өндірістік практикасын ұйымдастыру, бітірушілерді жұмысқа орналастыру бойынша жергілікті атқарушы органдармен және кәсіпорындармен меморандумдар мен шарттар жасасу арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

Жұмыс күші тапшы өңірлердің өндірістері мен кәсіпорындарын кадрлармен толықтыру мақсатында «Мәңгілік Ел жастары – индустрияға» әлеуметтік жобасын іске асыру жалғастырылады.

ЖОО студенттермен бірге оқытушылардың да академиялық ұтқырлығын дамытады, сондай-ақ шетелдік ғалымдар мен оқытушыларды тартады.

2018 жылдан бастап білім беру гранттарының саны 20 мыңға көбейеді. ЖОО-ға ТЖКБ базасында түсетіндерге шекті балл 35-тен 25 балға төмендейді. Сондай-ақ білім алушы шетелдік ЖОО-дан қазақстандық ЖОО-ға ауысқан жағдайда кешенді тестілеуді тапсыру міндетті талабы алынып тасталады.

Бұл міндеттің маңызды элементтері ұлттық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілік моделін әзірлеу (2016 жылдан бастап), шетел азаматтары үшін ақылы негізде жоғары оқу орындарына қабылдау қағидаларын жетілдіру (2017 жылдан бастап) болады.

Қазақстанды Орта Азиядағы білім беру хабы ретінде қалыптастыру шеңберінде шетелдік студенттерді қазақстандық ЖОО-ға тарту жұмыстары жүргізіледі. Шетелде форумдар, көрмелер мен қазақстандық білім күндерін өткізу практикасы кеңейтілетін болады. ЖОО-лар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларын әзірлейді, сондай-ақ шетелдік әріптестермен қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыратын болады. 2020 жылға қарай жоғары білім беру жүйесінде, оның ішінде коммерциялық негізде білім алушы шетелдік студенттердің үлесі 5 %-ға жетеді.

Сондай-ақ Қазақстан ЖОО-ларының кемінде екі танылған халықаралық рейтингке (QS-WUR, Times Higher Education-500, Shanghai Academic Ranking-500 және т.б.) қатысуы жоспарлануда.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін тең жағдай мен кедергісіз қолжетімділікті (пандустар, көтергіш, лифт, сондай-ақ ақпараттық және кітапхана ресурстарымен және т.б. қамтамасыз ету) жасау жұмыстары жалғастырылатын болады. Сонымен бірге бұл білім беру қажеттіліктері ерекше студенттермен жұмыс жасау үшін қашықтықтан оқу технологиясын одан әрі кеңейтуді, онлайн курстарын жаппай ашуды, арнайы білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуді, сондай-ақ ЖОО ОПК-ны қайта даярлауды көздейді.

2020 жылға қарай аталған санаттағы студенттерге тең жағдай мен кедергісіз қолжетімділікті жасаған ЖОО-ның үлесі 100 %-ды құрайды.

Жатақханада орындармен, оның ішінде МЖӘ шеңберінде қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру арқылы студенттердің, магистранттар мен докторанттардың білім алу кезеңінде өмір сүру жағдайлары жақсартылатын болады.

МЖӘ шеңберінде жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің лимиті шегінде жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі мынадай бағыттарда жүзеге асырылатын болады: жеке инвестицияларды тарту арқылы жаңа объектілерді салу және жұмыс істеп тұрған объектілерді қайта құру әріптестіктің ұзақ мерзімді түрін көздейді (3 жылдан 30 жылға дейін).

Студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханадағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру, жеке әріптесті айқындау, МЖӘ шартын жасасу тәртібі білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларында регламенттелетін болады.

Қазақстандық жоғары білім беруді танымал ету және оның тартымдылығын арттыру мақсатында ЖОО-лар ақпараттық-имидждік жұмыстармен және бренд-менеджментпен жүйелі негізде айналысатын болады.

2. Әлемдік үрдістер аясында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту.

Түлектердің жұмыс берушілер ойынан шығатын құзыреттіліктері ЖОО түлектері қажеттілігінің шарты болып табылады. Сондықтан бакалавриаттың білім беру бағдарламаларына өндірістің инновациялық технологияларын көрсететін және еңбек нарығында сұраныс бар біліктілік беретін жаңа пәндер енгізілетін болады. Білім беру бағдарламалары басқару дағдыларын игеретін практикаға бағдарланған сипатқа ие болады.

Инновациялық экономика үшін кадрларды даярлау мақсатында кәсіпкерлік білім бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының мазмұнына енгізілетін болады, бұл кәсіпкерлік білім мен дағдыларды қалыптастыратын пәндерді (модульдерді) қамтуды білдіреді.

Қазіргі заманғы цифрлық құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін ЖОО-лар шетелдік ЖОО-лар мен трансұлттық компанияларды тарта отырып, цифрлық

мамандықтар бойынша жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлейтін болады. Цифрлық технологияларды ескере отырып, ЖОО оқытушылары үшін біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылады. Астана қаласында халықаралық IT және гуманитарлық-педагогикалық және медициналық университеттерді, сондай-ақ әлемдік университеттердің кампустарын ашу мәселесі пысықталатын болады.

Педагогикалық білім беруді жаңғырту жобасына сәйкес орта білім берудің жаңартылған мазмұнын ескере отырып, заманауи мұғалімдерді даярлауға бағытталған инновациялық білім беру бағдарламалары әзірленетін болады.

2020 жылға қарай еңбек нарығында сұранысқа ие перспективалық, жаңа кәсіптерді ескере отырып әзірленген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары енгізілетін болады.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган жыл сайын жұмыс берушілерден сауал жүргізу және олардың деректері негізінде ЖОО білім беру бағдарламаларының рейтингтік жүйесін енгізеді. Негізгі индикатор түлектердің жұмысқа орналасуы, жалақысы және ЖОО-да қолданылатын білім беру бағдарламаларының сипаттамасы болып табылады.

2018 жылдан бастап «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының шеңберінде аударылған оқулықтар ЖОО-лардың білім беру процесіне ЖБП циклінің гуманитарлық пәндері бойынша базалық (негізгі) оқулықтар ретінде жаппай енгізілетін болады. Сондай-ақ осы оқулықтардың негізінде қосымша элективті пәндер әзірленеді. Үздік бейнедәрістер жасалып, еркін қол жеткізу үшін орналастырылады.

Бұл студенттерге гуманитарлық ғылым саласындағы үздік еңбектерді танып, білуге мүмкіндік береді.

Қазақ әліпбиін жаңа латын графикасына көшіру мәселелері бойынша ОПК біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Бұл үшін аудармашы кадрлар, авторлық құқық, оқу-әдістемелік бағдарламалар, оқытушылық-профессорлық құрам бойынша мәселелер пысықталатын болады.

Гуманитарлық пәндерді оқытудың жаңа әдістерін енгізу мақсатында гуманитарлық бағыттағы кафедраларды қалпына келтіру және олардың мәртебесін көтеру бойынша шаралар қабылданады.

Сондай-ақ тілдік курстарда ОҚП біліктілігін арттыру, ЖОО-лар үшін ағылшын тіліндегі шетелдік оқулықтар мен ОӘК-ны бейімдеу және т.б. жөнінде мәселелер пысықталатын болады.

Жекеменшік қаржыландыруды тарту шеңберінде ЖОО-лар мен компаниялардың өзара іс-қимылы арқылы білім беру гранттарын қоса қаржыландыру, тағылымдамадан өту мүмкіндігі, тәлімгерлік жүйесі, тренингтер мен практикалық оқыту іс-шараларын өткізу үшін алаңдар беру бойынша мәселелер пысықталатын болады.

2017 жылдан бастап жұмыс берушілермен бірге жоғары білімі бар мамандарды тәуелсіз сертификаттау тетігі әзірленетін болады. 2019 жылға дейін педагогикалық кадрларды тәуелсіз сертификаттау және тілдік құзыреттілік бойынша студенттердің емтихан тапсыру талаптарын енгізу мәселелері пысықталатын болады.

Назарбаев Университетінде мамандар даярлау халықаралық стандарттарға сәйкес жалғастырылады.

Оқытушыларды даярлау мен олардың біліктілігін арттырудың сапалы жүйесі құрылады. Әлемдік деңгейге қол жеткізу үшін педагогикалық мамандықтарда оқытуды менеджмент және педагогтер даярлау саласындағы үздік халықаралық стандарттар негізінде отандық және шетелдік мамандар жүргізеді.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру құрылымы ЮНЕСКО 2013 Білім беру сыныптауышының халықаралық стандартына сәйкес келтірілетін болады:

- 1) 6-деңгей (БСХС 6) – бакалавриат және оның баламасы;
- 2) 7-деңгей (БСХС 7) – магистратура және оның баламасы;
- 3) 8-деңгей (БСХС 8) – докторантура және оның баламасы.

Жоғары оқу орнынан кейінгі деңгейде халықаралық практиканың тәжірибесі бойынша ел ғалымдарының ғылыми мансабын дамытуға бағытталған постдокторлық бағдарламалар енгізілетін болады.

2017 жылдан бастап ЖОО-лардың мемлекеттік аттестаттаудан аккредиттеуге толық көшуі жүзеге асырылады. Бұл сапаны іштен қамтамасыз етуден, сондай-ақ сапаны сырттан қамтамасыз етуден тұратын білім сапасын қамтамасыз етудің тиімді жүйесін жасауды көздейді.

ЖОО-ның білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша халықаралық еуропалық желілердің толық құқылы мүшесі болып табылатын және білім беру саласындағы уәкілетті органның тізіліміне енгізілген ұлттық немесе шетелдік агенттіктерде білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу қызметі жалғастырылады.

Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің толық құқылы мүшесі ретінде Қазақстан жоғары мектебінің Болон процесінің міндетті, ұсынымдық және факультативтік параметрлерін, жоғары білім беруді дамытудың басым бағыттарын, оның ішінде ECTS типінде кредиттік оқыту жүйесін, академиялық және кредиттік ұтқырлықты одан әрі имплементациялауды, сондай-ақ студенттердің білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға тартылуын іске асыруы қамтамасыз етілетін болады.

Академиялық ұтқырлықты, оның ішінде шетелдік студенттердің қазақстандық ЖОО-ларға білім алуға келуі есебінен дамыту жалғастырылады.

Академиялық дербестікті кеңейту шеңберінде таңдау компоненті бакалавриатта 75%-ға дейін, магистратурада – 85%-ға дейін, докторантурада – 95%-ға дейін ұлғайтылатын болады. Бұл жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын, оның ішінде жалпы білім беретін пәндер циклі бойынша

жасаудағы, ықпалдастырылған модульдері немесе пәндер бағдарламаларын әзірлеудегі дербестігін көздейді

3. ЖОО білім алушыларының бойында «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін нығайту.

ЖОО-лардағы тәрбиелік жұмыстар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының рухани-адамгершілік құндылықтары: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы негізінде жүзеге асырылатын болады.

Бұл үшін ЖОО-лар тәрбиелік жұмыстардың кешенді жоспарларын іске асыратын болады. Студенттерді жағымды дамытуға, студенттерді «Рухани жаңғыру» бағдарламасының шеңберінде жобаларды іске асыруға және қоғамдық өмірге тартуға, коммуникативті мәдениетті қалыптастыруға, білім алудан нәтижелі жұмыспен қамтуға көшу үшін қажетті өмірлік маңызы бар дағдыларды дамытуға, толеранттылыққа тәрбиелеуге бағытталған шаралар кешені қабылданады.

Халықаралық тәжірибе негізінде еліміздің жоғары оқу орындарында студенттік өзін-өзі басқару енгізілетін болады, студенттер академиялық және зерттеу қызметіне белсенді тартылатын болады, олардың жоғары оқу орнын алқалы басқару органдарындағы рөлі арта түседі.

Белсенді азаматтық ұстанымды дамыту үшін ЖОО студенттері ірі халықаралық іс-шараларға дайындыққа белсенді түрде тартылады. ЖОО студенттері арасында дебаттық қозғалыс дамытылады. Шығармашыл жастарға қолдау көрсету үшін жыл сайын «Студенттік көктем» жастар шығармашылығы фестивалі өткізілетін болады.

Салауатты өмір салты мәдениетін нығайту студенттерді спорттық іс-шараларға жаппай тарту есебінен қамтамасыз етілетін болады.

ЖОО-лардың спорт клубтары институционалды мәртебеге, оның ішінде МЖӘ есебінен ие болады.

Ұлттық студенттер лигасының шеңберінде спорт федерацияларымен өзара ынтымақтастықта бұқаралық, ойын және жастар арасында танымал спорт түрлері дамитын болады.

Білім беру ұйымдарында спорт залдарды кезең-кезеңімен жаңғырту, спорттық жабдықтармен, оның ішінде МЖӘ шеңберінде жабдықтау, спорттық жарыстарда студенттік лигаларды дамыту бойынша іс-шараларды іске асырудың 2016 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленетін болады. Студенттер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруда жоғары оқу орындарының спорт клубтарының рөлі арта түседі.

Студенттердің бойында тамақтану мәдениетін қалыптастыру, оның ішінде теңгерімді пайдалы тамақты насихаттау және олардың табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуын қамтамасыз ету арқылы қалыптастыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру менеджментін және даму мониторингін жетілдіру.

Институционалды деңгейді қоса алғанда, білім берудегі менеджмент одан әрі жетілдіріледі. Бұл корпоративтік басқару қағидаттарына ие ЖОО-лар санын ұлғайту шараларын өткізуді (байқау немесе қамқоршылық кеңестері, директорлар кеңестері, ішкі аудит қызметі), жоғары оқу орындарының топ-менеджментіне шетелдік мамандарды тартуды, меншік нысанына қарамастан барлық азаматтық жоғары оқу орындарының басшылық құрамының жоғары білімдегі заманауи менеджмент бойынша біліктілікті арттыру курстарынан, оның ішінде бюджеттен тыс қаражат есебінен өтуін көздейді.

Ректорлардың жұртшылық алдындағы жыл сайынғы есептілігі арқылы іске асырылатын ашықтық пен қоғамға есеп беру қағидаты енгізіледі.

ЖОО-лардың академиялық, басқарушылық және қаржылық дербестігін кезең-кезеңмен кеңейту арқылы корпоративтік қағидаттары енгізіледі, сондай-ақ ЖОО-лардың эндаумент-қорларын қалыптастыру тетігі әзірленеді.

Мемлекеттік және ұлттық ЖОО-лар корпоративтік басқару органдарын құруды көздейтін коммерциялық емес ұйымдарға айналдырылатын болады.

ЖОО-лардың ұйымдық-құқықтық нысандары өзгергеннен кейін бірыңғай ашық бухгалтерияны енгізу арқылы қаржылық дербестік мәселелері пысықталады.

ЖОО әкімшілігі мен оқытушылары тиісті біліктілікті арттыру курстары арқылы, оның ішінде бюджеттен тыс қаражаттар есебінен академиялық және басқару дербестігі жағдайында жұмыс істеуге оқытылатын болады.

Барлық мүдделі тараптар 2016 жылдан бастап жаңа ұйымдық-құқықтық нысанға көшу мәселелері бойынша ақпараттық науқан өткізетін болады.

Оның ішінде ЖОО-лар белсенді түрде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы жаңашылдықтар туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-имидждік жұмыстар (бейнероликтер, бейнедәрістер, пікірлер, дөңгелек үстелдер, жұртшылықпен кездесулер және т.б.) жүргізетін болады.

Білім беру жүйесін цифрландыру шеңберінде білім беруді басқару жүйесін одан әрі құру арқылы білім беру жүйесінің барлық кезеңдерінде (орта, кәсіптік және техникалық, жоғары) оқыту процесін автоматтандыру жоспарлануда, ол білім беру мен мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін бірыңғай деректер базасына интеграциялайтын болады.

Сондай-ақ Big Data (ауқымды деректерді өңдеу технологиясы) технологиясын қолдана отырып, білім берудің өзге цифрлық сервистері интеграцияланатын болады.

Осылайша білім беруді басқару жүйесі «білім алушының ID» құру және оны әрі қарай қолдану арқылы процестің барлық қатысушыларының электрондық деректер банкіні қамтамасыз ететін болады, онда барлық қажетті ақпарат электрондық форматта қамтылатын болады.

Білім беруді басқару жүйесін пайдалану жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) бойынша бала туралы деректерді енгізу арқылы жүзеге асырылады және білім берудің әрбір деңгейінде оқытудың толық траекториясын енгізе отырып, оның ішінде медициналық картасымен толтырылады.

Әрі қарай білім беру деңгейі (балабақша, мектептер, колледжер, ЖОО-лар) бойынша әрбір қозғалыс ЖСН деректері бойынша электронды түрде жүзеге асырылатын болады.

Білім беру процесінің қатысушылары орта мектептердің, колледждердің және ЖОО-лардың үздік оқытушыларының бейнесабақтарымен және бейнедәрістерімен оларды білім беру ұйымдарының интернет порталдарында және басқа да интернет ресурстарда орналастыру арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Сондай-ақ білім алушының оқу нәтижесі мен құзыреттілігінің сәйкестігін бағалауды жүргізе отырып, жаппай онлайн курстар мен қашықтықтан білім беру технологияларын, оның ішінде Tesol, Voxu, Coursera және т.б. сияқты жаһандық танылған ресурстарды пайдалану арқылы енгізу және масштабтау жұмыстары жалғастырылады.

2018 жылы Алматы және Павлодар қалаларында білім беру процестерін автоматтандыру мен оңтайландыруды көздейтін «Цифрлық білім» пилоттық жобасы іске қосылады.

2018 жылдан бастап білім және ғылым саласындағы мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру бойынша жұмыс басталады.

Ғылым

Мақсаты: ел экономикасының қарқынды әртараптануы және тұрақты дамуы үшін ғылымның нақты үлесін қамтамасыз ету.

Нысаналы индикаторлар:

- 1) ҒЗТҚЖ қаржыландырудың жалпы көлеміндегі тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге арналған шығындардың үлесі;
- 2) қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы санынан коммерцияландырылатын жобалардың үлесі.

Міндеттері:

1. Ғылымның ел экономикасын дамытуға қосатын үлесін ұлғайту.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерциялық мақсатта пайдалануды ынталандыру және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және енгізу жұмыстарын қаржыландыру үлесін арттыру мақсатында өндіріске инновацияларды енгізу бойынша жұмыстарды қаржыландыру тетіктерін қамтитын Заң қабылданды. Заңда ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (бұдан әрі – ҒҒТҚН) коммерцияландыру процесін мемлекеттік қолдау және ҒҒТҚН-ны коммерцияландыруды ынталандыру шаралары көрініс тапқан.

ҒЗТҚЖ жеке капитал салуды ынталандыру маңызды міндет болып табылады. Қаржыландырудың жалпы көлеміндегі тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге арналған шығыстар артатын болады.

Стратегиялық маңызды мемлекеттік міндеттерді шешуге, ИИДМБ мұқтаждығына және бизнес тарапынан қоса қаржыландыру арқылы ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерцияландыруға бағытталған ғылыми бағдарламаларды гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың жаңа тәсілдері енгізіледі.

Мемлекет ғылыми-зерттеу жобаларына және ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыруға гранттар беру кезінде ғылымды қоса қаржыландыру тетігі арқылы өндіріспен байланыс жасауға бағыттайды.

Осы үшін қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін бюджет қаражатын бөлу кезінде жеке сектор тарапынан қоса қаржыландырудың болуы бойынша міндетті талап енгізілетін болады.

Нәтижесінде ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың, сондай-ақ ҒҒТҚН-ны коммерцияландыруды жеке қоса қаржыландыру көлемі зерттеу жүргізуге бөлінетін бюджет қаражатының жалпы сомасынан 20 %-ға дейін көбейтіледі.

Қолданбалы ғылыми зерттеулерді кезең-кезеңімен ағылшын тіліне көшіру қамтамасыз етіледі.

Дүниежүзілік Банктің «Өнімді инновацияларды ынталандыру» жобасы іске асырылады.

Стартап-компаниялардың дамуына жәрдемдесу мақсатында ғылыми топтар үшін гранттарды бөлу, өндірістік сектор және әлеуметтік инновациялардың консорциумдарын құру, венчурлік қорларды қалыптастыру, брокерлік қызметті дамыту, шет елдерде технологиялық жеделдету офистерін құру және технологияларды трансферттеу офистерінің әлеуетін арттыру жолымен технологияларды коммерцияландыру циклін топтастыру көзделетін болады.

Бизнестің, оның ішінде Ғылым қорының қатысуымен стартаптарды дамытуды коммерцияландыруға және қолдауға арналған гранттық қаржыландыру шеңберінде конкурстар өткізілетін болады.

Ғылыми жобалар мен ғылыми-техникалық бағдарламалардың нәтижелілігін арттыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асыру барысында патенттерді міндетті түрде алу бойынша талаптар белгіленетін болады.

Ғылыми жобалар мен бағдарламаларды гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға өтінім беруді, сондай-ақ ҒЗЖ бойынша аралық және қорытынды есептер қабылдауды автоматтандыру жөнінде нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізіледі.

Технологиялық компаниялардың маркетингтік және технологиялық мүмкіндіктерін арттыру мақсатында базалық университеттерде

технологиялардың тиімді және уақытылы трансфертіне мүмкіндік жасайтын технологияларды коммерцияландыру офистерінің желісін құру жоспарлануда. Коммерцияландыру офистерінің ағымдағы қызметін күшейту үшін «Нәтижелі инновацияларды ынталандыру» жобасының шеңберінде қолдау көрсету жұмыстары жүргізілетін болады.

Қазақстандық ғылымды зерттеулер мен әзірлемелердің әлемдік деңгейіне шығару мақсатында ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісімдер негізінде, оның ішінде МЖӨ тетігі арқылы шет мемлекеттермен халықаралық ғылыми-техникалық әріптестік байланыстар, халықаралық ғылыми жобалар мен бірлескен зертханалық зерттеулерге қатысу, бірлескен монографиялар мен мақалаларды шығару жұмыстары дамитын болады.

Қазақстандық ғылыми басылымдар деңгейі арттырылады. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ағылшын тілінде отандық ғылыми журналдарды шығару және оларды шетелдік ресурстарда ілгерілету.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Қазақстан ғылымы» бірыңғай ақпараттық жүйесін құру мәселесі пысықталатын болады, онда конкурстарға өтінімдер, есептер, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама цифрландырылады, ғылыми-зерттеу жобалары мен бағдарламаларының қауіп-қатерлерін басқару жүйесі енгізілетін болады.

ИИДМБ басым бағыттары мен кәсіпорындарының қажеттіліктерін есепке ала отырып, кадрлар даярлауды жүзеге асыратын 11 базалық ЖОО жанынан коммерцияландыру офистері құрылатын болады.

ИИДМБ шеңберінде жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістерді құру үшін базалық ЖОО-лар конкурстық негізде ғылыми зерттеулер, оның ішінде шетелдік әріптес ЖОО-лармен және ғылыми орталықтармен бірлесіп жүргізетін болады.

ЖОО ғылымы металлургия, мұнай-газ химиясы, АӨК, био- және IT-технологияларды зерттеуге басымдық беріле отырып дамуға бағытталған болады.

Қазақстан ғылымының халықаралық интеграциялануы CERN, ЭЫДҰ, ИЫҰ және т.б. сияқты халықаралық ұйымдармен және консорциумдармен ынтымақтастық есебінен жүзеге асырылатын болады.

Ғалымдардың Clarivate, Analytics, Springer, Elsevier және басқа да халықаралық деректер базасына қол жеткізуі қамтамасыз етілетін болады.

ЭЫДҰ-ның «Қазақстан Республикасының инновациялық саясаты» атты шолуы шеңберінде ұсынымдарды енгізу бойынша жұмыс жалғасатын болады.

ИЫҰ елдерінің зерттеушілері, ҒЗИ және ЖОО-лары туралы барлық зерттеулерді, жарияланымдарды, ақпараттарды қамтитын ИЫҰ бірегей зерттеу тұғырнамасын құру жоспарлануда. Қазақстандық ғалымдар халықаралық, оның ішінде Халықаралық ғылыми-техникалық орталықпен және т.б. ғылыми-зерттеу жобаларына қатысатын болады.

Дүниежүзілік қауымдастыққа интеграциялану мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінің жазуын жаңғырту бойынша шаралар

кешені қабылданып, іске асырылады. 2017 жылы ғалымдар мен кең жұртшылықтың көмегімен қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандарттық нұсқасы қабылданды.

2018 жылы қазақ әліпбиінің латын қарпіне көшуі шеңберінде ғылыми-әдістемелік база әзірленетін болады. Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің жаңа әліпбиінде оқу-әдістемелік әдебиеттер мен көпшілік қажет ететін сөздіктер шығарылатын болады.

2. Ғалымның ғылыми әлеуетін және мәртебесін нығайту.

Ғылыми кадрлардың біліктілік әлеуетін жақсарту мақсатында:

1) зерттеу университеттері қызметінің нормативтік құқықтық негіздері «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізіледі;

2) салалық ғылыми ұйымдар үшін PhD докторларын мақсатты даярлауды жетілдіру бойынша білім және ғылым саласындағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізіледі;

3) еліміздің жетекші ЖОО-да докторанттар мен магистранттарды даярлау сапасын арттыру үшін ҒЗИ мен ғылыми орталықтардың ғылыми әлеуетін және материалдық-техникалық базасын пайдалану бойынша тетіктер енгізіледі;

4) ғылыми-зерттеу жобаларына өндірістегі инженерлер, жас мамандар, магистранттар мен докторанттар тұрақты негізде тартылады.

Доктор немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі немесе PhD докторы, бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі бар 35 жасқа дейінгі отандық жас ғалымдарды зерттеу тобының ғылыми жетекшісі ретінде ғылыми зерттеулерді іске асыру үшін гранттық қаржыландырудың жалпы көлемінің 10 пайызынан кем емес мөлшерде квота бөлу арқылы қолдау көрсету бойынша шаралар қабылданатын болады.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыруды қамтамасыз ету мақсатында бизнес-құрылымдарда енгізу бөлімшелері құрылатын болады.

Түрлі тетіктерді қолдану, оның ішінде халықаралық ғылыми-техникалық ақпараттар базасына қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы импакт-факторы жоғары халықаралық журналдарда қазақстандық ғалымдардың жариялау белсенділіктерін ынталандыру жұмыстары жалғастырылады.

Қазақстандық ғылыми журналдарды халықаралық ғылыми-техникалық ақпарат базасына енгізу бойынша шаралар қабылданатын болады.

Ғалым жұмысының өнімділігі жарияланымдарының және осы жариялымдарға жасалатын сілтемелер санына негізделетін Хирш-индексі (h-индексі) арқылы бағаланады.

Әлемдік ғылыми кеңістікке кіру бойынша бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру, Қазақстан ғылымының халықаралық ғылыми консорциумдарға қатысуы, шетелдегі қазақстандық ғалымдардың, оның ішінде шетелдік ғалымдармен бірлескен авторлық бойынша жариялау белсенділігін арттыру жұмыстары жалғасады.

Орта мерзімді келешекте шет тілдерін меңгерген, әлемдік ғылыми қауымдастыққа интеграцияланған ғылыми қауымдастық қалыптасады.

3. Ғылымның инфрақұрылымын жаңғырту.

Ғылыми қамтымды экономиканы қалыптастырудың негіздері ретінде бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу, сондай-ақ оларды одан әрі коммерцияландыру үшін Назарбаев Университетінің «Астана Бизнес Кампусы» инновациялық кластері енгізіледі.

Сондай-ақ инновацияны дамыту, озық технологияларды трансферттеу және нақты ғылыми-өндірістік жобаларды іске асыру үшін «Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластерінде Қазақстанның және шет елдердің жетекші ғылыми орталықтары мен ЖОО-лары тартылады.

Шетелдік және қазақстандық компанияларды, ғылыми қамтымды шағын және орта бизнесті, венчурлік қорларды, ғалымдарды, бизнесмендерді, қаржыгерлерді және студенттерді инновацияларды шоғырландыру және қазақстандық бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Назарбаев Университетінің «Астана Бизнес Кампусында» ғылыми орталықтар мен зертханалар орналастырылады.

ЖОО-ларда коммерцияландыру офистері, технопарктер және басқа да инновациялық құрылымдар құрылатын болады. Осы құрылымдар қызметінің нәтижелілігі мониторинг жүргізу және олардың жұмыс істеу тиімділігін бағалау арқылы анықталатын болады. Гранттық қаржыландыру, МЖӘ шеңберінде ЖОО ғылыми жобаларын коммерцияландыру тетігі әзірленетін болады.

Дүниежүзілік Банктің «Өнімді инновацияларды ынталандыру» жобасын іске асыру барысында технологияларды коммерцияландыру офистері, инновациялық обсерватория құрылады.

ҒЗИ мен ЖОО-лардың ғылыми-инновациялық құрылымдарын жаңғырту, ғылыми зертханаларды GLP стандарттары бойынша халықаралық аккредиттеу жүргізіледі.

Ғылыми-зерттеу инфрақұрылымдарын материалдық техникалық жарақтандыруды нығайту бойынша шаралар қабылданатын болады.

4. Ғылымның менеджментін және даму мониторингін жетілдіру.

Активтерді басқаруды жетілдіру мақсатында БҒМ-ге ведомстволық бағынысты ғылыми ұйымдарды басқарудың, оның ішінде корпоративті басқару қағидаттарын енгізу арқылы басқарудың тиімді жүйесі құрылады.

Ғылыми ұйымдар басшыларының жария есеп беру практикасы қалпына келтіріледі.

ҒЗИ, жобалау және конструкторлық бюролар, инженерлік бейіндегі зертханалар арасында сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бойынша ұзақ мерзімді бірлескен жұмыс жасауға бағытталған инновациялық консорциумдар дамитын болады.

Ғылым мен білімді интеграциялау шеңберінде, оның ішінде МЖӘ тетіктері арқылы ғылыми ұйымдарды оңтайландыру және қайта құрылымдау жүргізіледі.

Гранттық қаржыландыру шеңберінде ғылыми жобалар мен бағдарламаларды, сондай-ақ ҒТҚЖ коммерцияландыру жобаларын іске асыруды мониторингілеу жүйесі жетілдірілетін болады. Мониторинг жобалық менеджменті қағидаттарына өтемі негізде жүзеге асырылады.

Ғылыми ұйымдар мен ғалымдардың ғылыми-зерттеу қызметін рейтингтік бағалау жүйесі енгізіледі, ғылыми ұйымдар басшылары қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесі әзірленеді.

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың жаңа тәсілдері шеңберінде ғылыми-техникалық бағдарламалардың тақырыптары мен тапсырмалары ЖАО-ның ұсыныстарын ескере отырып қалыптастырылатын болады.

6. Қажетті ресурстар

2016 – 2019 жылдары білім беруге арналған бюджеттік шығыстарды кезең-кезеңімен арттыру, 2020 жылға қарай олардың жалпы ішкі өнімдегі үлесінің дамыған елдерінің орташа деңгейіне дейін өсуін қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

1. Болжамды қаржылық шығындар (күрделі және ағымдағы)

Бағдарламаны табысты іске асыру үшін қолдау тапқан қаражат шеңберінде АКТ мен электрондық оқытуды дамытуға, 3 ауысымды және авариялық мектептердің орнына мектептер салуға, бейінді мектептер салуға, жетекші ЖОО-ларға шетелдік ғалымдар мен консультанттарды тартуға, магистратура мен докторантураға қабылдау бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысына, инновациялық жобаларды әзірлеуге және т.б. қаржылық ресурстар шоғырландырылатын болады.

млрд. тенге

Жылдар бойынша	Барлығы	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Басқа қаржыландыру көздері
2016 жылы	384,2	327,8	56,4	
2017 жылы	418,9	246,6	172,3	
2018 жылы	484,8	300,4	184,4	
2019 жылы	580,4	398,4	182,0	
Барлығы:	1 868,4	1 273,3	595,1	

Бағдарламаны 2016 – 2019 жылдарға арналған қаржыландыру көлемдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде

нақтыланатын болады. ЖАО іске асыратын іс-шаралар жергілікті бюджетте көзделген жоспарлы кезеңге арналған қаражат шегінде орындалатын болады.
